

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі

---

Қайнар университетінің

**ХАБАРШЫСЫ**

---

**ВЕСТНИК**

университета Кайнар

---

**2 басылым**



АЛМАТЫ  
ҚАЙНАР АКАДЕМИЯСЫ  
2022

**ISSN 2226-1052**

## **ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ, ПУБЛИКУЕМЫХ В «ВЕСТНИКЕ УНИВЕРСИТЕТА КАЙНАР» И В ЖУРНАЛЕ «КАЗАХСКАЯ ЦИВИЛИЗАЦИЯ»**

Объем статьи – 5-8 страниц, набранных на компьютере 12 шрифтом через один интервал с соблюдением издательской рамки (поля – 3см слева, 2 см снизу и сверху, 1,5 см справа). Необходимы аннотация и ключевые слова на языке статьи, список используемых источников указывается в конце статьи по мере цитируемости, ниже на казахском (түйін), русском (резюме), английском (summary) языках с включением названия статьи на соответствующем языке. Магистранты, докторанты предоставляют рецензию на статью.

К статье прилагаются следующие сведения об авторе (авторах): фамилия, имя, отчество; ученая степень и звание; место работы и должность или место учебы; служебный и домашний адреса; номера служебного и домашнего телефонов, электронный адрес.

Рукописи статей передаются в редакцию журналов лично автором, или нарочным, на бумажном и электронном носителях (диск).

Ответственность за концептуальное содержание статьи несет автор (авторы). Редакционный Совет оставляет за собой право публикации, редактирования или отклонения рукописи. Рукописи статей не возвращаются, не рецензируются и не восстанавливаются. Ссылка при перепечатке на наше издание обязательна.

### **ВЕСТНИК УНИВЕРСИТЕТА КАЙНАР**

- 07.00.00 –Исторические науки**
- 08.00.00 –Экономические науки**
- 09.00.00 –Философские науки**
- 10.00.00 –Филологические науки**
- 12.00.00 –Юридические науки**
- 13.00.00 –Педагогические науки**
- 19.00.00 –Психологические науки**
- 23.00.00 – Политические науки**

### **КАЗАХСКАЯ ЦИВИЛИЗАЦИЯ**

- 07.00.00 –Исторические науки**
- 09.00.00 –Философские науки**
- 23.00.00 –Политические науки**

**Журналы выходят ежеквартально.**

**Статьи принимаются по адресу: ул. Сатпаева 7а.**

**Справки по тел. 87272558673; e-mail: [editor@journal-kainar.kz](mailto:editor@journal-kainar.kz)**

**Сайт журнала: [https://www.kainar-edu.kz/ru/831-zhurnaly\\_kajnar](https://www.kainar-edu.kz/ru/831-zhurnaly_kajnar)**

**ҚАЙНАР УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК  
УНИВЕРСИТЕТА ҚАЙНАР**

ISSN 2226-1052  
№2-2022

1997 жылдан бастап шығады  
Жылына 4 рет шығады

Издается с 1997 года  
Выходит 4 раза в год

Учредитель: Академия Кайнар

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**Курманалиев К.А.** – *главный редактор*, доктор филол. наук, академик КазНАЕН, чл.-корр. НАН РК  
**Еркинбекова М.А.** – *ответственный редактор*, кандидат психол. наук, доцент, академик МАИН

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:**

**Нысанбаева А.Н.** – доктор философских наук, академик НАН, *председатель*  
**Омаров Е.С.** – профессор, академик КазНАЕН, *зам. председателя*  
**Еркинбекова М.А.** – кандидат психологических наук, академик МАИН, *ответственный секретарь*

**ЧЛЕНЫ СОВЕТА:**

**Абдильдин Ж.** – доктор философских наук, профессор  
**Айдаралиев А.А.** – д.м.н. академик АН КР, ректор Международного Университета Кыргызстана.  
**Албагли Клод.** – профессор экономики, директор института СЕДИМЕС (Франция)  
**Ахметов А.К.** – доктор педагогических наук, профессор  
**Апахаяев Н.Ж.** – кандидат юридических наук, профессор  
**Баймаханов М.Т.** – доктор юридических наук, профессор  
**Бижанова А.Р.** – доктор юридических наук, Академия МВД  
**Гества К.** – профессор Тюбингенского университета (Германия)  
**Григорьев В.К.** – доктор исторических наук, профессор Российского государственного гуманитарного университета (Россия)  
**Деливанис-Негрепонти Мария** – профессор экономики, экс-ректор университета Кесолоники, Греция  
**Жумагулов К.Т.** – доктор исторических наук, профессор  
**Зайниева Л.Ю.** – доктор политических наук, профессор КазНТУ им.К.Сатпаева  
**Иришев Б.К.** – доктор экономических наук, профессор  
**Каиржанова С.Е.** – доктор юридических наук, профессор  
**Каложнова Е.** – директор Центра евро-азиатских исследований Редингского университета (Великобритания)  
**Козлов Г.Я.** – доктор исторических наук, профессор, зав.кафедрой политологии Рязанского государственного университета (Россия)  
**Құрманғали-Чакыроғлы А.А.** – кандидат филологических наук  
**Маклин Дж.** – профессор, председатель Правления международного совета по исследованию философии и ценностей в Вашингтоне (США)  
**Марк Ришево** – профессор юриспруденции, Университет Пуатие, Франция  
**Маусымбаев С.С.** – доктор педагогических наук, профессор  
**Мусаев К.М.** – доктор филологических наук, профессор, главный научный сотрудник Института языкознания РАН (Россия)  
**Нгуен Чонг Тьуан** – профессор, директор Института философии (Вьетнам)  
**Нигард Х.А.** – Директор центра международных исследований Редингского Университета (Великобритания)  
**Оразбекова М.С.** – доктор филологических наук, профессор  
**Перленбетов М.А.** – доктор психологических наук, профессор  
**Романова Н.В.** – доктор политических наук, профессор КазНПУ им. Абая  
**Рустемова Г.Р.** – профессор, док юридических наук, Академия МВД  
**Сапарбаев А.Д.** – доктор экономических наук, профессор, почетный академик НАН РК  
**Саметова Ф.Т.** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор  
**Сластенин В.А.** – доктор педагогических наук, профессор Московского государственного педагогического университета (Россия)  
**Сулайманова Р.Т.** – профессор, директор Института целевой подготовки педагогических кадров при Кыргызском Национальном университете имени Баласагына (Кыргызстан)  
**Тлеуов Т.Х.** – доктор исторических наук, профессор, академик КазНАЕН  
**Токсанбаева Н.К.** – доктор психологических наук, профессор  
**Токпанова К.** – доктор технических наук, профессор  
**Узакбаева С.А.** – доктор педагогических наук, профессор  
**Хафизова К.Ш.** – доктор исторических наук, профессор  
**Ходоштия Ален** – профессор политологии, институт Менеджмента Канады  
**Шабельников В.К.** – доктор психологических наук, профессор, зав. кафедрой социальной и пед. психологии им. Л.С.Выготского Российского государственного гуманитарного университета (Россия)  
**Шерьяданова Х.Т.** – доктор психологических наук, профессор  
**Чжна Шаохуа** – доктор философии, профессор, президент Всемирного конгресса глобальной цивилизации, Китай

Свидетельство №43  
от 10.04.1996 г.

Национального Агентства по  
делам печати и массовой  
информации Республики  
Казахстан

Издательство  
Академии Кайнар

**Адрес:**

г.Алматы, ул.Сатпаева 7а,  
тел: 255-86-72, 87016252626

**Факс: (7272) 558366**

**E-mail: [editor@journal-kainar.kz](mailto:editor@journal-kainar.kz)**

Сдано в набор 23.06.2022.

Подписано в печать  
27.06.2022.

Бумага офсетная.  
Гарнитура «Таймс».  
Усл.печ.л. 8,5.  
Усл.кр.отт. 8,7.  
Уч.-изд.л. 8,3.  
Тираж 500 экз.

Отпечатано в типографии  
Академии Кайнар  
Ответственный – Бакыт Б.

|  |           |
|--|-----------|
| <b>ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ</b>   |           |
| <b>Хушкельдиева С.Б. - ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ</b>   | <b>5</b>  |
| <b>Мухитденова А.Т., Самбетова А.Б. - ОСОБЕННОСТИ И ПРИНЦИПЫ ПРЕПОДАВАНИЯ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН В ВЫСШЕМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ</b>                      | <b>15</b> |
| <b>Бердикожаяева Г.Ж. - АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫ</b>   | <b>20</b> |
| <b>Бейбітова Р.А. - ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢНІҢ ОНТОГЕНЕЗДЕ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ РӨЛІ</b>  | <b>26</b> |
| <b>ТАРИХ, САЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ</b>   |           |
| <b>Қыстаубеков Б. - КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ НЕМЕСЕ ҚОҒАМҒА ҚАРСЫ ӨЗГЕ ДЕ ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖАСАУҒА ТАРТУДЫ САРАЛАУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР</b> | <b>31</b> |
| <b>Турсынбаева Г.И., Джардемев Д.А. - ПОНЯТИЕ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА И ЕГО МЕСТО В СИСТЕМЕ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН</b>         | <b>36</b> |
| <b>ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР</b>  |           |
| <b>Укунов А.Н. - МЕТОДИКИ ОЦЕНКИ ФИНАНСОВОЙ УСТОЙЧИВОСТИ БАНКОВ</b>  | <b>43</b> |
| <b>Найзағараева А.А. - ORACLE-ДЕ ДЕРЕКҚОРЫН ӘКІМШЛЕНДІРУ МҮМКІНДІКТЕРІ</b>   | <b>56</b> |
| <b>Найзағараева А.А. - ПРОБЛЕМНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ ЯЗЫКИ</b>   | <b>61</b> |
| <b>Укунов А.Н. - ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОДЕРЖАНИЕ И ЗНАЧЕНИЕ ОЦЕНКИ ФИНАНСОВОЙ УСТОЙЧИВОСТИ КОММЕРЧЕСКИХ БАНКОВ</b>  | <b>66</b> |
| <b>Абенова А.К., Дабылтаева Н.Е. - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКСПОРТЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ</b>                                   | <b>74</b> |
| <b>Джанегизова А.С. - «ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ</b>  | <b>82</b> |
| <b>Джанегизова А.С. - ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ИНВЕСТИЦИЙ В ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ</b>   | <b>87</b> |

---

# ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ

---

ҒТАХР: 15.81.99

## ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

**Хушкельдиева С.Б.,**  
Психология магистрі, «Кайнар» колледжі

***Аннотация.** Бүгінгі таңда дарынды балаларды анықтап, дамуына олардың потенциалды мүмкіндіктерін жүзеге асуына әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық міндеттер болып табылады. Дарынды балалар – бұл, әрине құндылық. Осыған байланысты теория мен практикада дарындылық феноменін, дарынды балалардың мәселелерін зерттеу қызығушылығы тез артып отыр. Дарындылық феноменін зерттеу қызығушылығы сонау ежелгі ғасырларда жатыр. Халық даналығындағы – мақал-мәтелдер жинағы, ұлы адамдардың ойлары бар әдебиеттеріне сүйенсек, таланттылық, данышпандылық деген ұғымдарға түрлі кезеңдерде де көңіл бөлген. Философтар, жазушылар, суретшілер, музыканттар, психологтар, педагогтар, дәрігерлер және тағы басқалар өз жұмысының ақиқатын іздеуге жұмсады, өйткені қабілеттерге көңіл аудару – қоғамдық және ғылыми таным объектісі болып табылады.*

***Түйін сөздер:** дарын, дарынды балалар, теориялар, феномен, дарындылық психологиясы, кезеңдері.*

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ

**Хушкельдиева С.Б.,**  
Магистр психологии, колледж «Кайнар»

***Аннотация.** Сегодня социальные, педагогические и психологические задачи заключаются в выявлении и развитии одаренных детей и реализации их потенциала. Одаренные дети, конечно, ценны. В связи с этим растет интерес к теории и практике изучения феномена таланта, проблем одаренных детей. Интерес к изучению феномена таланта восходит к глубокой древности. Согласно народной мудрости - сборнику пословиц, литературных размышлений великих людей, понятиям таланта и мудрости уделялось внимание в разное время. Философы, писатели, художники, музыканты, психологи, педагоги, врачи и другие стремились найти истину своей работы, потому что акцент на способностях является объектом социальных и научных знаний.*

***Ключевые слова:** талант, одаренные дети, теории, феномен, психология таланта, этапы.*

## THEORETICAL PROBLEMS OF DEVELOPED CHILDREN'S DEVELOPMENT

**Khushkeldieva S.B.,**  
Master of Psychology, «Kainar» College

***Annotation.** Today, the social, pedagogical and psychological tasks are to identify and develop talented children and realize their potential. Gifted children are, of course, valuable. In this regard, there is a growing interest in the theory and practice of studying the phenomenon of talent, the problems of gifted children. The interest in the study of the phenomenon of talent dates back to ancient times. According to the folk wisdom - a collection of proverbs, the literature of the thoughts of great people, the concepts of talent and wisdom were paid attention at different times. Philosophers, writers, artists, musicians, psychologists, educators, doctors and others have sought to find the truth of their work, because the focus on abilities is the object of social and scientific knowledge.*

***Keywords:** talent, gifted children, theories, phenomenon, psychology of talent, stages.*

Дарынды деген кім? Бұл терминнің ұғымы қандай? Дарындылықтың қандай түрлері бар? Дарынды балалардың өз құрбыларымен, ата-аналарымен, ұстаздарымен, айналасындағылармен қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктері қандай? деген сұрақтарға жауапты осы жұмыс барысында тоқталуға тырысамыз. Бұл жұмыстарды зерттеу үшін біз әрине, осы мәселелердің даму тарихына тоқталғанды жөн көрдік. Ежелде, тарихқа көңіл бөлсек, болашақта қате жібермеуге тырыса келе, дарынды балалардың тәрбиесіндегі теория мен практиканы даму мен жетілдіруі “талант”, “данышпан”, “дарынды”, “дарынды балалар”, “интеллект”, “шығармашылық”, “қабілеттер”, “қызығушылықтар” және т.б. осы ғылыми жұмыстарда қарастырылады. Жалпы дарындылықты зерттеу тарихын бірнеше кезеңдерге бөлуге болады.

Бастапқы кезең – дарындылықты зерттеу бастамасы басқа ғылым салалары сияқты философия қойнауында жатқан. Алғаш философияда “талант”, “данышпан” деген ұғымдар кеңінен қолдана бастады. Ертеде, ұлы адам, данышпан – құдайдың берген бақытты адамы болып есептелген. Философиялық және энциклопедия сөздіктерінде “талант” деген сөздің екі ұғымын байқауға болады: 1) талант- жоғарғы қабілеттер, белгілі бір салада қол жеткізген дарындылықтың жоғарғы сатысы, ал 2) талант (гректің *talanton*, - таразы немесе салмақ) делінген. Ежелгі Гректе, Египет, Вавилон, Персаның ең ірі салмақты және ақшалы-есептік бірлігі болып табылады. Тарихи жағдайда екінші мағынасына қызығушылық тудырады, яғни талант – Ежелгі гректердің құрылуына байланысты мәдениеттің антикалық түріндегі ұғым. Осыдан талант сол кезеңде адамның құндылығы ретінде анықталған, оның нағыз өлшемі болып табылған. Антика кезеңінде адамның таланты ұғымы біруақытта данышпан және пері деген ұғымдармен байланысты болған, данышпан (латын сөзінен аударғанда “*genius*” - жан) ұстаз, әулие, қорғаушы деген сөзінен шыққан [1].

Шынында да адам даму тарихында “жақсы данышпан” туралы мысалдармен қатар “қатыгез данышпандар” өздерінің жоғары ақыл-ой мүмкіндіктерін саяси шешімдерде тиімді пайдалану арқасында көптеген адамдардың өліміне әкеліп соқтырды. Оларға: Нерон, Иван Грозный, А.Гитлер, В.И.Сталин және т.б. жатқызуға болады.

Ежелдің ұлы философтары Аристотель, Гераклит, Гиппократ, Демокрит, Пифагор, Платон, Сократ сонымен қатар А.Баумгартен, И.Кант және т.б. адамдар арасындағы жеке айырмашылықтарды жақсы түсінді және де бұл айырмашылықтар жас кезде жиі көрінеді, сондықтан да олардың еңбектері көптеген қызықты фактілерден, бақылаулардан тұрады. Дегенмен, қабілеттердің ерте диагностикасы мен дифференсация мәселесі сол кезде талап етілмегендіктен философтарға данышпандылық табиғатын зерттеу, бұл шығармашылықтың жалпы философиялық мәселесі ретінде қажет болды. Платон былай деген: “... ақын білім мен өнерден емес, құдайдың алдын ала анықтауы және төзімділік сапасынан тудырады” [2]. Осы ойды Демокрит те қолдаған.

Ұлы ойшыл И.Кант “данышпан деп – дарындылықтың ең жоғарғы сатысы, ол тек өнерде ғана ғана мүмкін “деген. Бұл оймен келіспегендер де болды. Неміс психологі Фреберс “данышпандылықты еріктің жігерлігі, сезімнің нәзіктігі құрамайды,

данышпанның негізі - ой [3]. Осының салдарынан ежелгі ойшылдар интуитивті түрде дарындылықтың негізінде ой еңбегі жатыр екендігін сезген.

И.Канттың ойы бойынша “данышпан – оқуға деген қажеттілігі жоқ адам, ол өз бетінше жолын табады және жоғарыға өз білім ақиқатымен, әсемдігімен баратын адам, ал талант – ол үлкен еңбек, еңбек, еңбек” [4].

Бірте, бірте “талант” ұғымы белгілі бір салада қабілеттінің жоғарғы сатысы ретінде мағынаға ие, бұл жерде “қабілеттер” дегенде индивидуалды – психологиялық ерекшеліктер, қасиеттер (психикалық қасиеттер: ойлау, ес, қиял және т.б.), бір немесе бірнеше салада орындалу жағдайының жетістігі болып табылады. Ал данышпандылық талантқа қатынасы бойынша жоғары сатыда орын алады, ғылым немесе өнердегі эпохалық жетістігі арқылы айқындалады [5].

Дарындылықты, данышпандылықты зерттеудің келесі кезеңі – қайта жаңару (XIV-XVI ғ.). Бұл кезеңдерде адамдардың түсінігінде суретші ғылым мен қатар, өнерде де хабары болу керек деген. Скульптор да, музыкант та, композитор да басқа мамандардың өкілдері сияқты өзінің жұмысымен қатар грамматикамен де, риторикамен және де басқа көптеген ғылым салаларымен айналыса алатын болу керек болған [6]. Бұл кезеңде жалпы ғылымға, мәдениетке, өнерге ұмтылу кезеңі болды. Француз философы Д.Дидро данышпандылық табиғаттан берілген, оның жүзеге асуы қоғамға байланысты; білімге байланысты деген. Бұл “алтын” кезеңнің Орталық Европа мен Батыстағы ғылым мен өнер даму тарихында Ф.Бэкон, Т.Кампонелла, Т.Мар, Ф.Рабле, Ч.Уарте және т.б. үлестерін қоса келе, данышпандылық творчестволық индивидуалды ретінде, адам өзінің ішкі мүмкіндіктерін мақсатты бағытталғандығын белсендіре (оған қиял, ес, интуиция және т.б.) осының нәтижесінде бұрын сонды ашылмаған дүниелерді сапалы жаңалықтар ашуға көмектесті. Қайта жаңару кезеңінде дарындылық мәселесін терең философиялық-психологиялық ұғынудың ең алғаш талпынысын испандық дәрігер Ч.Уартенің зерттеулері болды. Оның зерттеулері ең алғашқы бола отырып, антропологиялық ғылым бағытында “дифференциалды психология” ретінде қарастыра, осы мәселені Ч.Уарте төмендегідей негізгі сұрақтарды қойды:

- адамның бір ғылымға қабілетті және басқасына қабілетсіздігін табиғат қандай қасиеттерге ие;

- адамдарда қандай дарындылық түрлері бар;

- әр дарынға қандай ғылым мен өнер сәйкес келеді;

- дарындыны қандай белгілер арқылы білуге болады деген [7].

Интеллект, ес, қиял, негізгі қабілеттер деп белгілеп, Ч.Уарте ғылым мен өнердің әр түрлі саласында медицина, заң, мемлекетті басқару және т.б., оларға дарындылық сәйкес келетін жоғары көрсеткіші 3 қабілеттердің қайсысын олар талап ететіндігінде. Ч.Уарте “олардың араласу негізгі шырындарының ” пропорциясымен осы қабілеттердің әрқайсысын “мидың темпераментімен” түсіндірді. Ч.Уарте таланттың табиғатынан маңыздылығын көрсете келе, оқыту мен тәрбиенің көмегінің әсері мол екенін айта келе, таланттың жеке және жас ерекшеліктеріне көңіл бөліну керектігі жайлы анықтады.

Дарындылықты зерттеудің үшінші кезеңі XVII ғ. ғылымның жекеленуінде, яғни философиялық білімнен педагогика мен психологияның бөлек шығуында, осыған орай адамның психикасы және қабілеттері жеке зерттеу жұмыстарының жолының ашылуында. Осылай келе, данышпандылық құдай мен әлемнің қатынасына, одан әрі биологиялық (тұқымқуалаушылық) және әлеуметтік (орта) ауысуы дарындылықты дамыту теориялық негізде ағартушылық кезеңі XVIII- XIX ғасырлар ортасында орнын тапты. Ағартушылық кезеңдерінде ұлы педагог ойшылдарының Я.А.Коменский, Дж.Локк, Ж.Ж.Руссо, Д.Дидро, К.А.Гельвеции, И.Гербарт, Г.Песталоцци, А.Дистерверг және т.б., баланың дарындылығы мен қабілетінің дамуы сұрақтарына жауап іздеген еңбектері, осы бағыттағы педагогикалық теория мен практикаға үлестерін қосты.

“Дарындылық” ұғымы “дар” сөзінен шыққан құдай берген, бұндай ұғым ағылшын тілінде де кездеседі. Онда “дарындылық” - (giftedness), “дар”сөзі gift. Мысалы: Джон Локк

“Адамның ақыл – ой тәжірибесі ” деген философиялық еңбегінде адам табиғатының негізгі ережелерін төмендегідей қарастырды:

- туа біткен идея болмайды, тану процесі тәжірибеден туады және тәжірибе негізінде жүзеге асады;
- адамның ақылы бастапқыда “таза тақтай ” тәріздес келеді (“*tabula rasa*”);
- сезімде еш нәрсе болмаса, ақылда да еш нәрсе болмайды [8].

Джон Локк баланың туа біткен қасиеттері болмайды десе де, баланың жеке ерекшеліктерін зерттеу керектігі жайлы көрсеткен. Ал, Адольф Дистерверг өзінің педагогикалық теориясында табиғи сәйкестілігі принципіне сүйене келе, сонымен қатар Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, Г.Песталоцци, И.Гербарт және т.б. мәдени сәйкестілік принциптерін қолдай келе, тәрбие тек қана баланың табиғатынан емес, сол ел мен уақыттың мәдениетінің деңгейіне де санасуы керек деген. Бұл дегеніміз – А.Дистервергтің ойы бойынша қоғамдық ортаның маңыздылығы баланың таланты мен қабілеттерінің қалыптасуына әсерін тигізеді. Талант пен дарындылықтың көрсеткіші ретінде айналадағы ортаның маңыздылығы өте зор екендігі жайлы К.А.Гельвеций мен Д.Дидро еңбектерінде көрсетілген. Гельвеций өзінің “Ақыл жайлы ” трактатында, талант және оның жоғарғы формасы – дарындылық тектілікке жатпайды: адамның оқуы мен тәрбиесінен, ол өмірдегі қоғамнан анықталады [9]

Осы кезеңде дарындылық мәселесінің ғылыми көрінісінің дамуына зор үлес қосқан неміс классикалық философияның негізін қалаушылар А.Баумгартен, Г.Гегель, И.Кант және т.б. айта кеткен жөн.

Оқушының жеке қабілетінің дамуына, тәрбиесіне ұлы орыс демократтары В.Г.Белинский, А.И.Герцен, Н.А.Добролюбов, Н.Г.Чернышевский және т.б. үлес қосқан. XIX ғасырдың бірінші жартысында ұлы педагогтар Д.К.Ушинский, Л.Н.Толстой, Н.Пирогова, К.А.Вентцель және т.б. адам табиғатының қоғамдық үлесі осы ресей педагогтары да жалғастырды. Осы ағартушылық кезеңдерде негізгі практикалық идея адамды қалыптастыруда тәрбие мен ортаның жағдайының ролі маңыздылығында болды.

Дарынды балалардың дамуы биологиялық және әлеуметтік қатынасының осы ізденулері арқасында “Дарындының таланты, оның заңдары мен салдары” (1869) белгілі кітабы жарыққа шығуына әкеліп соқты, авторы ағылшын психологі Фрэнсис Гальтон болды. Ф.Гальтон атымен дарындылықтың феномені ғылыми зерттеулерімен жаңа төртінші кезеңі байланысты болды. Дарындылық, талант, қабілеттер мәселесін зерттеуді, эмпирикалық амалдың негізін қалаушысы Ф.Гальтон болған. “Тест” деген ұғымды ағылшын тілінен аударғанда *test*- сынақ, адамның түрлі сенсорлық қабілеттерін өлшеу үшін психодиагностикалық әдістер мен құралдарды ойлап тапты. Ф.Гальтонның еңбегінің арқасында дарынды- бұл жоғарғы мән емес, фактілердің жиынтығы, яғни ғылыми эксперименталды зерттеулер, болжамдар және мақсатты бағытталған жұмыстарды дамытуға болады. Ф.Гальтонның еңбегінен кейін қабілеттің психологиялық негізі ғылыми саласы ретінде мәселелер мен әдістемелік амалдарды көрсетілді, оларға мыналар жатады:

- қабілеттің дамуы және олардың детерминанттары. Қабілеттер детерминациясының негізгі звеносы орта мен мұрагерлік қатынасы болып табылады;
- қабілеттердің жалпы және арнайы өзара байланысы;
- индивидуалды психикалық қасиеттерін өлшем әдістері, яғни қабілеттерді өлшеу әдістері құрылуы;
- іс-әрекеттер және қабілеттер [10].

Ф.Гальтонмен біруақытта орыс физиологі И.М.Сеченов адамның творчестволық қабілетіне әлеуметтік жағдай мен тәрбиенің әсері өте жоғары болу керектігі жайлы айта келе, “психологиялық мінездің мазмұнының көпшілігінде 999/1000 тәрбиеге, тек 1/1000 индивидуалдыққа байланысты” болады деген [11].

Келесі дарындылықты зерттеу тарихының бесінші кезеңі эксперименталды психологияның қарқынды дамуына байлаысты болды. Дарындылықты анықтауда түрлі тестер құрылуының жолдарын аша келе дарындылықты бір бағытта зерттеу, ең бастысы



интеллект болды. Оларды зерттегендер: А.Ф.Лазурский, Н.Д.Левитов, Г.И.Россолимо, В.Штерн, В.М.Экземплярский және т.б. Бұл кезең XIX ғасырдың бірінші жартысында дарындылықты даму жолдары дарындылықтың интеллектуалды идеясының өңделуінен шыққандығы. Ақыл-ой дарындылығы мәселесін шешуде сол уақыттағы білім саласында 1911 жылы Дрезден қаласында алғашқы неміс конгресі ұйымдастырылды, сонымен қоса, осы бағыттағы педагогикалық реформалар міндеттері қарастырылды. Осы реформалар салдарынан мектептегі сыныптарды балалардың психологиялық қабілеттеріне байланысты: дарынды балалардың ортадан төмен интелетуалды деңгейлері; орта деңгейлі (IQ = 100); түрлі мамандардың әр түрлі дәрежеге байланысты топтастырылды [12].

“Интелекет” ұғымы тестология кезінен бастап, көптеген психологтардың қолдануы бойынша “дарындылық” сөзі “ақыл-ой дарындылығы” синонимі ретінде қолданылды. Интеллект тестін дарындылық тесті деп атады, ал интеллект коэффициентін IQ – дарындылықтың ақыл-ой көрсеткіші дейді. Ресей психологі Н.С.Лейтестің ойы бойынша: “Бұл шындық: интеллект деп адамның ақыл-ой мүмкіндігінің ядросы, танымдық сфераның мінездемесі ретінде деген” [13].

Келесі алтыншы кезеңде қарастырылған құбылыстың көрінісінің дамуы болып ақыл-ой қабілетінің бағалауының факторлық амалын ағылшын психологі Чарльз Спирменнің еңбегінде көруге болады. Келесі интеллектінің факторлық талдау дәстүрін зертеулерін жалғастырушылары Г.Айзенк, С.Барт, Ф.Вернан, Д.Векслер, Г.Гарднер, Дж. Гилфорд, Т.Келли, Р.Б.Кеттел, Р.Стернберг, Л.Терстоун және т.б.

Жаңа бағыт жетінші кезеңде дарындылықтың идеясын дамуы – интегративті (тұтастылық) амалы, индивид әрекетінің өнімділігіне байланысты. Бұл мәселеге көңіл бөлгендер: Э.Клапаред, Э.Мейман, Г.Ревеш, Г.И.Россолимо, Д.Фреберс, В.Штерн, Х.Эбингауз, В.М.Экземплярский және т.б. болды. Неміс психологі В.Штерн тұлғаның тұтастылық принципін алғаш психологиялық теориясын бастаған. Дарындылық адамның жалпы психикалық күш құрамына енетін, ерекше қабілет ретінде бағаланды. Сондықтан, дарындылықты басқа психикалық функциялардың тек қана интеллект саласымен емес, ес, қиял, қабылдау сезімдерімен тығыз байланыстығын көрсетті [14]. Осы бағытты Э.Клапаред, Ф.Масселон, Х.Эбингауз және т.б. (зейін, ес, продуктивті ойлау) ұстады. В.Штерн индивидуумның эмоционалды және ерік қасиеттерін де белгіледі. Осы позицияның негізінде В.Штерн “ақыл-ой дарындылығы” – тұрмыс жағдай мен жалпы қабілеттердің жаңа міндеттерге бейімделуі деген [15].

Ал, неміс психологі және педагогы Э.Мейман дарындылықтың практикалық сұрақтарын зерттей келе, оқу мен тәрбиенің дарындылық дамуына әсері бар және қатынасы еңбекке қабілеттілігі мен табысқа жету арқылы мынандай тұжырымға келеді, “дарындылық – интелегенттіліктің өзара әрекетінің жоғарғы көрінісі, өзіндік дамуы мен ойлау, қиял, еріктің тұрақтылығын құрайды.” Сонымен қатар “талант” және “данышпан” ұғымын дарындылықтың дәрежесіне қосқан [16].

Батыста XIX ғасыр аяғында, Ресейде XX ғасыр басынының педагогикалық ғылымы дарындылықты зерттеуде интегративті амалының идеясын дамуы- жаңа педология саласы, яғни бала ғылымы, баланың тұлғасын кешенді зерттеу болды. Адамды зерттейтін басқа ғылымдар философия, психология, анатомия, физиология, педиатрия, лингвистика, биология және т.б. әсер ететін факторларымен байланысты. Осы педологияның арқасында дарынды балаларды зерттеудің сол уақыттағы амалдары өзгертті. Осы саланы жалғастырып, дамытқандарға мыналарды жатқызуға болады: М.Я.Басов, В.М.Бехтеров, П.П.Блонский, Г.И.Россолимо, Л.С.Выготский, В.М.Экземплярский болды.

Ресейде дарындылық саласын зерттеушілердің алғашқысы болып Г.И.Россолимо бастаған, ол бала тұлғасының құрылымын салыстырмалы амал идеясын дамытты. Ол “профилдің индивидуалды әдістері” негізінде оқушының барлық ішкі дүниесін мінездеді. Автор Ломоносов қоғамындағы крестьян жанұясының дарынды балаларын топтай келе, зерттеу жұмысын жүргізген. Алғаш Ресейде тестер жүйесін құрған да осы Г.И.Россолимо болды. Автор көрсеткен интеллектуалды дарындылық диагностикалар жүйесін зерттеуін 5

функциялар негізінде : ойлау, зейін, ерік, зеректілік; 11 негізгі процестерден құралатын есте сақтау: ойлау - ұғынуда,комбинаторлық қабілеттер, бақылағыштық; зейін - тұрақтылық пен көлемі; ерік – автоматизмдікке қарсылыстық пен иланушылыққа; зеректілік – білу дәрежесіне және елестетуге; еске сақтау – суреттер мен заттар, фигураларды көру арқылы елестеу, тіл мен санның элементтерін жатқызды [17].

Ал басқа Ресей психологі В.М.Экземплярский, Э.Мейман мен В.Штернмен келісе, дарындылықты анықтаудың үлкен маңыздылығы білімнің көрсеткіші мен олардың динамикасы деп көрсетті [18]. Э.Мейманнан айырмашылығы оқыту құрылымында интеллектуалдық қасиетінен бөлек, бала өмірінің психикалық эмоционалдық жағдайымен бірге ерікті де қосты. Дарынды балаларды анықтау үшін диагностикалық әдістердің жинағымен бірге, В.М.Экземплярский дарындылыққа байланысты мектептер құрып және оқытудың арнайы бағдарламаларын шығару тапсырыстары енді [19]. Сонымен қатар Н.Д.Левитованың дарындылыққа типологиялық амал түрінде көңіл бөлген еңбектерін айта кеткен жөн. Н.Д.Левитованың негізгі еңбегі, ол “дарындылық” ұғымын кеңейте келе, “арнайы таланттар”, “техникалық, комерциялық, ғылыми-академиялық, суретшілік, әлеуметтік (саяси қайраткерлер, педагогтар және т.б.)” деп көрсетті [20].

Шет елдерде ХХ ғасырдың 50-ші жылдары ортасында талант пен дарындылықтың психологиялық зерттеулері қарқынды дами бастады. Оңтүстік Калифорния университетінің маңындағы тұлғаны зерттеу институты ұйымдастыруымен (1949), Дж.Гилфорд, П.Торренс, Ф.Баррон, К.Тейлор және т.б. ғалымдар тобымен қатар, Мак Коннен жетекшелігімен теориялық зерттеулердің индивидуалды айырмашылық бірлестіктерінің жобалары жүзеге асыра отырып, оқытудың дифференциалды аймағында практикалық жұмыстардың оқу бағдарламаларын құрды.

Осы зерттеулердің арқасында «дарындылық» деген түсінік кеңінен қолданылып, адам іс-әрекетінің әлеуметтіе саласында үздік жетістікке жететін қабілеті ретінде қарастырылды.

50-60 жылдары дарындылық зерттеулерінің дамуының сегізінші жаңа кезеңінде көптеген ғалымдар дарындылықтың көрсеткіші деп тек қана IQ болып есептелмейді деді. Тұлғаның басқа да қасиеттері, жаңа ерекше идеяларды тауып, проблемалық әдістерді шешу әдістері мен жаңа дәстүрлі емес стратегияларын тауып, сонымен қатар творчестволық (“креативтілік”) осының салдарынан креативтілік ұғымы “интеллект” ұғымын ығыстыра бастады. Осыдан келе, дарындылықтың “интеллектуалды” және “творчестволық” ұғымдарымен қоса, біруақытта олардың интерграциясының әрекеті жаңа әдістемелік негізде көрсетті.Осы бағытта зерттеулер жүргізгендер:

Дж.Гилфорд, В.Лоуэнфельд, Ф.Монкс, Дж.Рензулли, А.Танненбаум, П.Торренс, Э.Фрамм, К.Хеллер болды.

70-90 жылдар осы мәселелердің теория мен практикасының дамуының тоғызыншы маңызды кезеңі болып есептеледі. 1972 жылы АҚШ-та мемлекеттік білім беру конгресінің баяндамасында, мамандардың бағалаулары бойынша дарынды оқушылар әр салада жоғары жетістіктерге жеткен мүмкіндіктері арқылы, мынадай қабілеттер көрінеді:

- жалпы интеллектуалды қабілеттері;
- нақты академиялық қабілеттер;
- өнімді және шығармашылық қабілеттер;
- лидерлік қабілеттер;
- орындаушылық және көркем-өнер қабілеттері;
- психомотрлық қабілеттер жатады [21].

Дарынды балалардың мәселелерін зерттеу тарихының маңызды кезеңі, 1988 жылы Францияның Туре қаласында «Евроталант» қоғамдастығының құрылуы болды. Қазіргі кезде Евроталантқа 30 қоғамдастық және европа елдерінде 22 елдің өкілдері кіреді. Бұл комитет интеллектуалды дамыған, талантты және дарынды балалардың құрылуынан пайда болған европалық елдердің білім жүйесіндегі реформаларын талдай отырып, оның

мақсаты аса дарынды балалардың спецификалық қажеттіліктерін бейімдеу болып табылады.

Сонымен қатар осы бағыттағы психологиялық зерттеулердің дамуы өркендеудеді, ал 1994 жылдан бері қоғамдастықтың өкілдіктері Ресейде де қызмет істейді.

Ал, 70-90 жылдары дарындылықтың түрлері жеке қарала бастады. Бұл интеллектуалдық және шығармашылық дарындылықтың жаңа концепцияларымен қоса, дарынды балалардың мақсаттылық жұмысының ұйымдастыру мәселелерін белсендіреді.

XX ғасырдың 90-шы жылдары ғылым жүйесінде өзінің ресми түрде орнын таба отырып, дарындылықты зерттеу қайта жандану кезеңі деп атауға болады.

Ресей психологі В.М.Экземплярский (Э.Мейман, В.Штернмен келісе) дарындылықты табудың үлкен мағынасы – оқудың көрсеткіштері және оның динамикасында болып табылады деген. Бүгінгі таңда Ресейде көптеген ғалымдардың (Л.А.Венгер, Ю.З.Гильбух, Э.А.Голубева, А.В.Заппорожец, В.А.Крутецкий, Н.С.Лейтес, А.М.Матюшкин, А.И.Савенков, В.С.Юркевич және т.б.) дарындылық мәселелері үлкен қызығушылық таныта отырып, олардың негізгі зерттеу пәні – дарындылық болды.

Ал біздің Қазақстан республикасында ертеректе арнайы дарындылық мәселелерімен айналыспаса да, әл-Фараби, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және т.б. көрнекті қайраткерлердің еңбектерінде дарындылық және жеке қабілеттер жайлы ой қозғаған. Мысал ретінде Әбу Насыр әл – Фараби өзінің трактатында оқумен тәрбие мәселелерін қарастыра келе, адам қабілеттеріне көңіл аудара отырып, жақсы оқу мақсатында әр түрлі тәсілдерді қолдану керектігі жайлы айтып кеткен.

Абай Құнанбаев болса «адамның бір қасиеті туа пайда болса, қалғандары еңбектің нәтижесінде пайда болады» деген.

Дарындылық идеясының жүзеге асыру мәселелері Қазақстан Республикасында 1996 жылы оқу-тәрбие жүйесінде маңызды оқиғаға ие болды. Қазақстан Республикасы Президенті Н.А.Назарбаевтың тапсырысын жүзеге асыру мақсатында «Дарынды балаларды мемлекеттік қолдау және мектептердің дамуы туралы» 1996 жылы 24 мамырда арнайы мектептер, лицейлер, гимназиялар аса талантты балаларды оқытумен айналыса бастады. Дарынды балалардың жұмыс жүйесін іске асыруға арналған, жас таланттарды қолдау және ізденіс ретінде «Дарын» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаның мақсаты:

- Жастардың және дарынды балалардың оқуымен тәрбиесінің негізгі ізденіс стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының интеллектуалды потенциалдарын дамуын біртұтас және бірыңғай етіп қалыптастыру;
- Талантты жастардың мәдени-әлеуметіне қалыптасуына көмек беру болып табылады.

Дарындылық құрылымының көптеген шығарылған интегративті тұжырымдамасының арасынан әйгілі американдық ғалым Дж.Рензуллидің үш шеңберлі моделі өте танымал болып есептеледі. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, дарындылықтың дамуы үш құбылыстың өзара әрекеттестігінің негізінде «тең серіктестіктер» бола отырып, 1) интеллектінің ортадан жоғары деңгейі; 2) креативті; 3) мотивацияның тұрақтылығы жатады.

Дж.Рензуллидің практикалық маңызы бар қосқан үлесі, ол «дарындылық» терминін «потенциал» терминіне өзгертуінде болды. Өйткені оның моделі универсалды, оны дарынды балалардың оқу-тәрбие жүйесінде жүргізу мүмкіндігімен қоса, барлық балаларға да қолдануға болады. Бұл тұжырымдама бүгінге дейін өте танымал және қолданбалы бағдарламаларды өңдеуде пайдаланылады.

Дж.Рензуллидің моделінің дамуы одан әрі Ф.Монксаның еңбектерінде бақылауға болады, ол-әлеуметтік орта (жанұя, мектеп, құрбылар) деген тағы бір фактормен толықтырды. Жоғарыдағы теориялық қорытындыларға сүйене отырып, дарындылыққа

мынадай анықтама беруге болады: «дарындылық – тұлғалық-интегралды құрылу бола отырып, шығармашылық потенциалды және жоғары деңгейлі интеллектуалды деп сипаттала, бір немесе бірнеше салалардың іс-әрекетінде ерекше жетістікке жетуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оның мағынасын ашу және дамуының жетістігі жас ерекшелігін, арнайы жағдайын және әлеуметтік айналасын (оқу, жанұя, тұлғааралық қатынас, әлеуметтік-мәдени ортасына және т.б.) есепке алусыз мүмкін емес.

Ал талантқа келетін болсақ, талант дегеніміз- дарындылықтың жоғарғы деңгейі, жоғары жетілгендігі және қоғамдық маңыздылығы, түп нұсқалық айырмашылығы және жаңалығымен ерекшеленуі, іс-әрекеттің өнімін алуға мүмкіндік береді.

Данышпандылық – дарындылықтың жоғарғы сатысы, қандай да бір салада болсын принципіалді жылжуды іске асыру мүмкіндігі болып табылады.

П.Торренстің (1962) зерттеуі бойынша мектептен шығып қалған балалардың 30% дарынды және аса дарынды балалар құрайды екен (үлгермеуші себебінен, қабілетсіздіктерінен, тәртіптерінен), дәлел ретінде соның бірі А.Эйнштейн 15 жасында үлгермеушілік салдарынан гимназиядан шығып қалған.

Ресей мамандары, мектептердегі психологиялық қызметінің дарынды оқушылармен жұмыс барысында, психологтар екі жағдайда ғана кездеседі екен:

1) «сәтті дарындылық»-оларға сыртқы және ішкі жағдайдың қолайлығы (жанұяның қарым-қатынасы, тәрбиенің әсері және т.б. жатады;

2) дарындылық баланың айналасындағылар және өзінің мәселесі ретінде – дезадаптивті балалар, оларға үлгермеушілік, әлеуметтік қараусыз қалушылар, девиантты және т.б. Біріншіде – идеалды портретке жақын, сонымен қатар, бұл «сәтті» балалармен профилактикалық жұмыстар жүргізу керек. Ал екіншісінде, мұғалімдер дезадаптивті балаларға ерекше көңіл бөлулері қажет, бұл екі аспект арқылы қарастырылады: дарындылық баланың өзінің мәселесі ретінде және дарындылық оның ересектермен қарым-қатынасы ретінде көрінеді.

Дарындылық баланың өзінің мәселесі ретінде келесі салаларда: оқуда, қарым-қатынас және мінез-құлқында, тұлғааралық жағдайда ықшамдалады. Ғалымдар бұл балаларды оқуда мынадай көріністер арқылы сипаттайды: оқу мотивациясының төмендігі, педагогтардың әртүрлі тапсырмасын демонстративті немесе үрейлерін елемей, үй тапсырмасын дайындауда кездесетін қиындықтар, шығармашылық және дәстүрлі емес жұмыстарды өте жақсы меңгеруінде, көп еңбекті қажет ететін тапсырмаларды орындауда сәтсіздікке ұшырауы және т.б. Мектептегі осындай үлгермеушіліктің себептері: оқыту жағдайларының өз деңгейінде болмауы, бағдарламалар мен оқулықтың жеткіліксіз болуы, оқыту материалдарының тақырыптары индивидуалды болғанын ескерілуі болып табылады.

Дарынды балалар қарым-қатынас және мінез-құлықтарында дезадаптивті түрде көрінеді, оларға ассоциалды, агрессивті мінез-құлықтар, ересектер мен өз құрбылары қатынасында қанағаттанбаушылық, демонстративті ассоциалды, қорғаныш агрессиясы бар осындай оқушылар өздерін дөрекі ашулы, айналасындағылардың бағалауы және әрекетке теріс ниетті әсер тигізу, сонымен қатар заттарды бүлдіру, бұзақылық жасау жатады.

Сонымен қатар, дарынды балалардың қажеттілігінің кері көріністері - өзіне және өзінің қиялына кету, селқостық, әлсіздік, қарым-қатынасқа қызығушылығының жоқтығы, депресивті мінез-құлықтар болуы мүмкін. Осындай әлеуметтік-психологиялық көріністер, ұзақ мерзімді депривация оның маңызды психологиялық қажеттіліктерінің айналасындағы жақындардың жағынан белгіленеді.

Бұл бастауыш сынып оқушыларында жоғары үрей, сенімсіздіктен, психосоматикалық, невротикалық нышандары арқылы көрінеді. Ал жеткіншек шақта өзінің «Мен» саналығынан маңызды психикалық олқылықтарға әкеліп соқтырады.

Дарындылық айналасындағы оның ересектермен мәселесі ретінде – дарынды балалардың оқытуы мен өзара қатынасында кездесетін педагогикалық қиыншылықтардың

үш себебі бар: 1) осы оқушының дарындылығын факт ретінде қабылдау мұғалімнің психологиялық дайындығының жетіспеушілігі, педагогтың тұлғалық және профессионалдық сенімсіздігі, өзіндік бағаның төмендігінен; 2) технологиялық себептер: қажетті кәсіби құралдардың жеткіліксіз болуы, егер олар бар болса да, оның қолданылуының кәсіби қызығушылықтарының жоқтығы жатады; 3) дарынды балаларды педагог «эксплуатация» ретінде проблемаларымен өзінің сәтсіздіктерінің компенсациясы ретінде пайдалануы.

Қауіптерге жиі душар болатын балалар төмендегідей болып бөлінеді:

- достарының арасынан жақын баланы табуының қиыншылықтары,
- құрбыларымен көңіл көтеру және ойындарға қатысу мәселелері,
- конформдық мәселелері,
- мектептегі интеллектуалды даму стимуляциясының жоқтығының қиыншылықтары,

- әлем, тағдырдағы мәселелерге өте ерте қызығушылық.

Зерттеушілер осы қауіптердің негізгі қайнар көздерін былай бөліп көрсетті:

1. Құрбыларының арасындағы қарым-қатынастың қиыншылықтары;

2. «Диссхрония дамуы» (жазудың әлсіз дамуы және т.б.);

3. «Дислексия» (тілдің әлсіз дамуы);

4. Гетерохрония дамуы (биологиялық) Ж.Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Ал баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын – оқыту мен тәрбие.

«Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғырлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді оған жақын жасы үлкендер дұрыс, жеткілікті бағаламаса, оның «оның өзгелер» болып қалып қоюы мүмкін», - деп ойлаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Краткий словарь по философий. / Под общ. ред. И.В.Блауберга, И.К.Пантина - М., 1982. - 431 б.
2. Цит. Из: А.И.Савенков. Одаренные дети в детском саду и школе: Учеб.пос. для студ. Высш. Пед. Учеб. Заведений. - М., 2000. – 50 б.
3. Теплов Б.М.. Избранные труды. – в 2-х т. - М., 1985. – 219 б.
4. Цит.из: В.В.Клименко. Психологические тесты таланта. – Харьков, 1996. – 50 б.
5. Современный словарь по психологии. - М., 1998. – 768 б.
6. Мелхорн Г., Х.Мелхорн. Гениями не рождаются: Общество и способности человека: Пер. С нем. – М., 1989. – 160 б.
7. Цит. Из: А.И.Савенков. Одаренные дети в детском саду и школе: Учеб.пос. для студ. Высш. Пед. Учеб. Заведений. - М., 2000. - 9 б.
8. Цит. из:Педагогика // 100 экзем-х ответов / Экспресс справочник для студ.вузов.- Ростов н/д: Изд.центр "Нард", 2000. – 28 б.
9. Пекелис В.Д.. Твои возможности человек! – М.: Знание, 1974. – 15 б.
10. Цит. Из: А.И.Савенков. Одаренные дети в детском саду и школе: Учеб.пос. для студ. Высш. Пед. Учеб. Заведений. - М.: "Академия" 2000. - 10 б.
11. Сеченов И.М.. Избранные философские и психологические теорий. – 173 б.
12. Штерн В. Умственная одаренность: Психологические методы испытания умственной одаренности в их применений к детям школьного возраста.(Пер.с нем. А.П.Болтунова) Под ред. В.А.Лукова. –СПб: Союз. 1997. – Б. 11-13.
13. Психология одаренности детей и подростков: Учеб.пос. для студ.высши и сред.пед.учеб.заведений. / Под редакций Н.С. Лейтеса. – М.: Изд.центр" Академия" 2000. – 55 б.
14. Штерн В. Одаренность детей и подростков и методы ее измерения. – М., 1926.- 343 б.

15. Штерн В. Умственная одаренность: Психологические методы испытания умственной одаренности в их применений к детям школьного возраста. (Пер.с нем. А.П.Болтунова) Под ред. В.А.Лукова. – СПб: Союз. 1997. – 7 б.
16. Цит.из: В.Е.Кузьмина. Становление музыкальности у одаренных дошкольников: Дисс... кан.пед.наук. - М., 1994. – 192 б.
17. Россолимо Г.И.. Психологические профили. – СПб., 1910.-234 б.
18. Экземплярски В.М.. Проблема одаренности. –М., 1923.-332.
19. Экземплярский В.М. Проблема школ для одаренных. – М-Л, 1927.-323 б.
20. Левитов Н.Д. Психотехника и пофесиональная пригодность. – М., 1924. – Б. 95-96.
21. Матюшкин А.М., Д.А.Сиск. Одаренные и талантливые дети // Вопр. психол. 1998. - №4 –Б.85- 89.

#### References:

1. A short dictionary on philosophy. / Under the general. ed. IV Blauberg, IK Pantina - M., 1982. - 431 p.
2. Zit. From: AISavenkov. Donated children in kindergarten and school: Textbook. for stud. Higher. Ped. Textbook. Establishments. - M., 2000. - 50 p.
3. Teplov VM .. Selected works. - in 2-x t. - M., 1985. - 219 p.
4. Cit.iz: VV Klimenko. Psychological tests of talent. - Kharkov, 1996. - 50 p.
5. Modern dictionary of psychology. - M., 1998. - 768 p.
6. Melhorn G .., H. Melhorn. Geniuses are not born: Society and the ability of man: Per. With him. - M., 1989. - 160 p.
7. Cit. From: AISavenkov. Donated children in kindergarten and school: Textbook. for stud. Higher. Ped. Textbook. Establishments. - M., 2000. - 9 p.
8. Zit. from: Pedagogy // 100 экзем-х ответов / Экспресс справочник для студ.вузов.- Ростов н / д: Изд.центр "Нард", 2000. - 28 б.
9. Pekelis VD .. Your human potential! - М .: Знание, 1974. - 15 б.
10. Zit. From: AISavenkov. Donated children in kindergarten and school: Textbook. for stud. Higher. Ped. Textbook. Establishments. - М .: "Academy" 2000. - 10 p.
11. Sechenov IM .. Selected philosophical and psychological theories. - 173 p.
12. Stern W. Mental gifting: Psychological methods of testing mental giftedness in their applications to children of school age. (Pers. German. AP Boltunova) Ed. VA Lukova. –Spb: Union. 1997. - Б. 11-13.
13. Psychology of devotion to children and adolescents: Textbook. для студ.высш.и сред.пед.учеб.заведений. / Edited by N.S. Leites. - М .: Изд.центр "Академия" 2000. - 55 б.
14. Stern W. Dedication of children and adolescents and methods of its measurement. - M., 1926.-343 p.
15. Stern W. Mental gifting: Psychological methods of mental gifting testing in their applications to children of school age. (Per.s nem. AP Boltunova) Ed. VA Lukova. - SPb: Union. 1997. - 7 p.
16. Cit.iz: VE Kuzmina. Formation of music in gifted preschoolers: Diss... kan.ped.nauk. - М .., 1994. - 192 p.
17. Rossolimo GI .. Psychological profiles. - SPb., 1910.-234 p.
18. Example. VM .. The problem of odarennosti. –М., 1923.-332.
19. Экземплярский В.М. The problem is the school for gifted. - М-Л, 1927.-323 б.
20. Levitov ND Psychotechnics and professional suitability. - М., 1924. - Б. 95-96.
21. Matyushkin AM .., D.A. Sisk. Gifted and talented children // Vopr. psychol. 1998. - №4 –Р.85- 89.

ГРНТИ: 15.81.21

## **ОСОБЕННОСТИ И ПРИНЦИПЫ ПРЕПОДАВАНИЯ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН В ВЫСШЕМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ**

**Мухитденова А.Т.,**  
кандидат политических наук  
Казахстанско-Российский медицинский университет  
**Самбетова А.Б.,**  
кандидат педагогических наук  
Международный университет информационных технологий

***Аннотация.** В статье рассматриваются некоторые аспекты преподавания социально-политических дисциплин в учреждениях высшего образования. По мнению автора, процесс преподавания социально-политических дисциплин должен базироваться на полемическом взаимодействии субъектов образовательного процесса. Акцентируется внимание на стратегических принципах, реализация которых позволит добиться в процессе преподавания социально-политических дисциплин значительного образовательного эффекта и создать условия для формирования у обучающихся необходимых общекультурных и профессиональных компетенций.*

***Ключевые слова:** высшее образование, социально-политические дисциплины, полемическое взаимодействие, гражданское общество.*

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ**

**Мухитденова А.Т.,**  
саяси ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан-Ресей Медициналық Университеті  
**Самбетова А.Б.**  
педагогикалық ғылымдарының кандидаты  
Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті

***Түйін.** Мақала жоғары оқу орындарында, әлеуметтік және саяси пәндерді оқытудың кейбір аспектілерін талқылайды. Автордың айтуынша, әлеуметтік және саяси ғылымдар оқыту процесі оқу процесінің полемика субъектілерінің өзара іс-қимыл негізделуі тиіс. назар әлеуметтік және саяси ғылымдар оқыту жоғары оқу әсері жету үшін және *schekulturpuh* және кәсіби құзыреттерін үшін қажетті студенттердің қалыптастыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді, олардың орындалуы стратегиялық принциптері, бағытталған.*

***Түйінді сөздер:** жоғары білім, әлеуметтік-саяси пәндер, полемика ынтымақтастық, азаматтық қоғам.*

## **FEATURES AND PRINCIPLES OF TEACHING SOCIAL AND HUMANITIES DISCIPLINES IN A HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTION**

**Muhitdenova A.T.,**  
candidate of political sciences  
Kazakh-Russian Medical University  
**Sambetova A.B.,**

**Summary.** *The article considers some aspects of teaching socio-political disciplines in higher education institutions. According to the author, the process of teaching socio-political disciplines should be based on polemical interaction among subjects of the educational process. The author focuses on strategic principles, implementation of which will enable to achieve significant educational effect in the process of teaching socio-political disciplines and create conditions for the formation of students' necessary cultural and professional competences.*

**Key words:** *higher education, socio-political disciplines, polemical interaction, civil society.*

Преподавание социально-гуманитарных дисциплин является одним из необходимых условий формирования целого ряда общекультурных и профессиональных компетенций у студентов высших учебных заведений, а также важным механизмом формирования гражданского общества. Эффективность преподавания социально-гуманитарных дисциплин в значительной степени обусловлена реализацией в образовательном процессе принципов полемического взаимодействия.

Полемическое взаимодействие субъектов образовательного процесса мы рассматриваем как одну из форм педагогического взаимодействия, имеющую в своей основе критический диалог обучающихся, каждый из которых в ходе обсуждения формулирует и аргументирует собственные положения, одновременно осуществляя критику утверждений оппонентов [1]. Существуют стратегические принципы полемического взаимодействия, реализация которых необходима в процессе преподавания социально-гуманитарных дисциплин. К стратегическим принципам полемического взаимодействия можно отнести такие требования, которые удерживают его в рамках данного типа, способствуют развитию диалога, базирующегося на наличии и столкновении различных точек зрения. К числу стратегических принципов полемического взаимодействия субъектов образовательного процесса относятся следующие:

- принцип стимулирования полемической деятельности;
- принцип системной аргументации;
- принцип сочетания плюрализма и рефлексии;
- принцип децентрической направленности учебного материала;
- принцип конструктивной критики.

1. Принцип стимулирования полемической деятельности. Сущность данного принципа заключается в том, что преподаватели, целенаправленно организующие полемическое взаимодействие субъектов образовательного процесса, должны иметь детализированное представление о причинах возникновения критического диалога и на его основе стимулировать полемическую деятельность студентов. Для того чтобы полемический диалог имел познавательную направленность и развивался в виде дискуссии, преподавателю совместно со студентами необходимо создать определенные предпосылки. Создание таких предпосылок и эффективное взаимодействие оппонентов возможны на основе комплексного учета причин возникновения полемического диалога. Другими словами, необходимо способствовать возникновению у субъектов образовательного процесса потребности в осуществлении полемического диалога [2]. При организации занятий полемического характера преподаватели должны учитывать и творчески использовать целый ряд причин возникновения полемического взаимодействия. Во-первых, это внутренняя потребность личности, вызванная сомнительностью опубликованных или высказанных суждений (умозаключений), осознанием проблемы и желанием найти пути ее решения. Такая потребность часто возникает у индивида, когда он находится в ситуации выбора, рассматриваемой нами как совокупность обстоятельств внешнего мира и внутреннего состояния личности, на фоне которых актуализируется



необходимость поиска и предпочтения одной из имеющихся альтернатив. Во-вторых, это стремление продемонстрировать свои полемические возможности, поразить остроумием и эрудицией, самовыразиться, потренироваться в быстроте интеллектуальной реакции. В-третьих, желание переубедить оппонента, доказав ему собственную точку зрения, и, тем самым, приобрести сторонника в определенной сфере. Базисом организации полемического взаимодействия в образовательном процессе должен быть комплексный учет вышеназванных причин, что позволит развить познавательную мотивацию, повысить интеллектуальную активность обучающихся. [2, с. 168].

2. Принцип системной аргументации. Субъекты образовательного процесса успешно взаимодействуют в ходе полемического диалога только в том случае, если каждый из них не просто высказывает отдельные разрозненные суждения, а выстраивает собственную систему аргументации, т. е. осуществляет интеллектуальную деятельность по анализу и отбору доводов, необходимых для обоснования собственной точки зрения. Выстраиваемая каждым из субъектов образовательного процесса система аргументации должна включать несколько компонентов: тезис (совокупность тезисов), аргументы, демонстрацию.

Первый компонент (тезис) выражает стремление аргументатора убедить реципиента в наличии некоторого положения дел, существовании определенного явления, оптимальности предлагаемого решения и т. д. Тезис должен в той или иной степени выходить за рамки общепринятых положений, представлять нечто новое и оригинальное, противоречить традиционным представлениям. В этом случае сама формулировка тезиса будет способствовать возникновению и развитию полемического взаимодействия, создавать потребность в системной аргументации.

Второй компонент направлен на поддержку мнения аргументатора и содержит суждения, используемые для доказательства собственных тезисов и опровержения точек зрения оппонентов. Существенное влияние на отбор, восприятие аргументов оказывают менталитет аргументатора, образовательная и социокультурная среда и другие факторы, и поэтому при организации полемического взаимодействия необходимо акцентировать внимание студентов на том, что доводы, убедительные для одних реципиентов, могут не быть таковыми для других.

Третий компонент (демонстрация) направлен на публичное обозначение логической связи тезиса с аргументами и основывается на использовании различных умозаключений: дедуктивных, индуктивных, по аналогии. О реализации принципа системной аргументации на занятиях полемической направленности можно вести речь в том случае, если высказывания студентов включают все вышеназванные компоненты. В этом случае полемическое взаимодействие субъектов обучения приобретает характер дискуссии, т. е. существенные признаки наиболее продуктивного и ценного в образовательном плане вида полемического диалога.

Анализируя сущность принципа системной аргументации и его роль применительно к полемическому взаимодействию субъектов обучения, необходимо рассмотреть основные аргументационные процессы: доказывание и убеждение. Процесс доказывания направлен на реальное установление истинности сформулированного тезиса. Процесс убеждения направлен на то, чтобы создавать впечатление, вселять уверенность, что истинность тезиса доказана; на то, чтобы сделать других участников диалога своими единомышленниками. В ходе полемического взаимодействия субъекты обучения должны использовать как средства доказывания, так и средства убеждения. В процессе убеждения важную роль играют также красноречие, авторитет аргументатора, апелляция к чувствам слушателей. Наиболее весомой является аргументация, в которой сочетаются средства доказывания и убеждения. При организации полемического взаимодействия необходимо акцентировать внимание студентов на том, что процесс доказывания должен основываться на использовании логических средств аргументации, к которым относятся

удостоверенные единичные факты, статистические данные, определения понятий, аксиомы, ранее доказанные положения, научные законы и принципы.

3. Принцип сочетания плюрализма и рефлексии. Плюрализм в настоящее время выполняет роль мировоззренческого принципа, регулирующего отношения в различных областях социальной жизни [3]. По мнению проф. В.В. Рябчикова, плюрализм в качестве мировоззренческой установки является основой полемического взаимодействия и обеспечивает свободу индивидуальных точек зрения, открывает возможности для самобытного мышления. В свою очередь, именно полемическое взаимодействие представляет собой процесс, создающий возможности для реализации принципа плюрализма. Рассматривая принцип плюрализма только с теоретических позиций, необходимо отметить, что он несет в себе явно выраженный позитивный потенциал, освобождая личность от внешнего принудительного догматизма. В то же время существует позиция ряда исследователей, согласно которой принцип плюрализма содержит и скрытый негативный смысл, воплощающийся «не в индивидуальном, самостоятельном мышлении, а, напротив, в неиндивидуальном, несамостоятельном, стандартизированном массовом сознании» [4]. Речь идет о том, что, опираясь на идею равенства, плюрализм несет в себе возможность нивелировки самобытного мышления, особенно мышления личности, находящейся на этапе личностного и профессионального становления, развития ценностных ориентаций. Формально обеспечивая право человека на собственное мнение, плюрализм вместе с тем признает это мнение тождественным другому, а отождествление, в свою очередь, может привести к разрушению индивидуального. Таким образом, негативный потенциал принципа плюрализма заключается в возможности для фактического подавления индивидуальности. Рефлексия включает в себя различные процессы самопознания относительно деятельности, общения, собственной личности и процесса мышления. Рассматривая рефлексию субъектов образовательного процесса, прежде всего имеется в виду их способность дать себе, своим высказываниям и действиям объективную оценку, понять, как их воспринимают партнеры по диалогу. Рефлексия оказывает значительное воздействие на процессуальные и результирующие стороны полемического взаимодействия субъектов обучения, являясь компонентом стилевой характеристики коммуникативной деятельности преподавателя и обучающихся. В научной литературе акцент делается на рефлексию преподавателя, в центре которой – осознание того, что учащийся воспринимает и понимает в педагоге и в отношениях с ним, как он может настроиться на действия педагога. В частности, рефлексия рассматривается как компонент социально-перцептивных способностей педагога, обеспечивающих процесс адекватного восприятия учителем своих учеников и через них – в зеркальном отражении – самого себя [3, с. 32].

При организации полемического взаимодействия субъектов обучения обязательно должны быть созданы условия для развития рефлексивных способностей как преподавателя, так и обучающихся. Реальным проявлением рефлексии станут представления участников диалога о ситуации полемического взаимодействия. Участники полемического взаимодействия смогут оценивать ситуацию, себя и «другого», смотря глазами «другого», воспринимая ситуацию межличностного общения в «иной» для себя позиции. Собственное самостоятельное «я» субъекта обучения обретет характер объективности и относительной объективности, а внутреннее «я» другого – статус субъективности. Развитие рефлексивных способностей неразрывно связано с реализацией на занятиях полемической направленности различных аспектов плюрализма. Это объясняется тем, что принципиальной системообразующей идеей рефлексии выступает ее сопротивление любому насильственному влиянию, попыткам манипулировать человеческим сознанием и стремление к самостоятельности. Таким образом, основной смысл сочетания плюрализма и рефлексии заключается в том, чтобы в ходе полемического взаимодействия воспрепятствовать возникновению самонадеянных и претенциозных «я», считающих, что их смысловая позиция не может уступать любой

другой, поскольку у каждого своя истина. Именно сочетание с рефлексией позволяет в полной мере реализовать позитивный потенциал плюрализма, создать естественные границы для распространения различных аспектов плюрализма в ходе полемического взаимодействия субъектов образовательного процесса [2, с. 172].

4. Принцип децентрической направленности учебного материала. Необходимо отметить, что децентрация, представляющая собой психологический механизм учета и координации индивидом точек зрения других людей со своей собственной, оказывает существенное влияние на характер и эффективность полемического взаимодействия субъектов образовательного процесса. Основываясь на данном положении, мы считаем, что в целях актуализации децентрации учебный материал, изучаемый студентами, должен быть представлен в качестве совокупности объективных научных противоречий, отраженных в альтернативных концепциях и теориях. Децентрическая направленность учебного материала является фактором, способствующим определенному изменению точки зрения субъекта образовательного процесса в результате столкновения, сопоставления, интеграции ее с различными смысловыми позициями. Данный принцип требует анализировать различные явления, отвечать на поставленные вопросы с учетом наличия альтернативных мнений и аргументов, не основываясь лишь на одной смысловой позиции. Реализация принципа децентрической направленности требует от преподавателей, целенаправленно организовывающих полемическое взаимодействие в образовательном процессе, разработки учебников, учебных пособий, методических рекомендаций инновационного характера, в которых должны быть представлены альтернативные подходы к решению профессиональных и социокультурных проблем. В этой связи, эффективность полемического взаимодействия субъектов обучения в значительной степени зависит от того, насколько выражена децентрическая направленность лекционного материала, содержания используемой в образовательном процессе научной и учебной литературы.

5. Принцип конструктивной критики. В ходе полемического взаимодействия, как правило, оппоненты высказывают критические замечания, касающиеся смысловых позиций и аргументов друг друга. Значение критики заключается также в том, что она позволяет познавать социальные противоречия и предлагать конкретные решения по их разрешению; способствует развитию мировоззрения; вскрывает и показывает недостатки, ошибки в деятельности с целью их устранения, исправления и совершенствования [2, с. 173]. Сущность данного принципа заключается в следующем: осуществляемая в ходе полемического взаимодействия субъектов обучения взаимная критика смысловых позиций друг друга обязательно должна носить конструктивный характер. Конструктивную критику отличают следующие черты: отсутствие догматизма и апологетики, наличие самокритики, умеренность и доброжелательность в критических оценках, отсутствие декларативных и демагогических положений, аргументированность, готовность к встречным критическим замечаниям. На необходимости соблюдения принципа конструктивной критики следует акцентировать внимание обучающихся уже на начальном этапе организации полемического взаимодействия в образовательном процессе. В ходе аналитического разбора проведенных занятий полемической направленности целесообразно совместно с обучающимися обсуждать степень конструктивности высказанных оппонентами критических замечаний. В заключение отметим, что стратегические принципы полемического взаимодействия субъектов образовательного процесса выступают в качестве системообразующих. Речь идет о том, что целостная система занятий полемической направленности в процессе преподавания социально-политических дисциплин может быть создана и принесет значительный образовательный эффект только при условии реализации рассмотренных выше стратегических принципов.

#### **Список использованной литературы:**

1.Рябчиков В.В. Особенности и значение полемического взаимодействия в образовательном процессе / В. В. Рябчиков // Знание. Понимание. Умение. – 2018. – № 3. – С. 128–133.

2.Рябчиков В.В. Известия Иркутского государственного университета. 2015. Т. 12. Серия «Политология. Религиоведение». С. 166–174

3. Ткач Е.Н. Социальная рефлексия учителя как условие и средство его профессионального саморазвития : дис. ... канд. психол. наук / Е. Н. Ткач. – Хабаровск, 2019. – 168 с.

4. Шестакова М.А. Индивидуальное мышление в контексте принципа плюрализма / М. А. Шестакова // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 7, Философия. – 2015. – № 4. – С. 3–18. 174

#### References:

1. Ryabchikov V.V. Features and significance of polemical interaction in the educational process / V. V. Ryabchikov // Knowledge. Understanding. Skill. - 2018. - No. 3. - P. 128–133.

2. Ryabchikov VV Proceedings of the Irkutsk State University. 2015. V. 12. Series «Political Science. Religious Studies». P. 166–174

3. Tkach E.N. Social reflection of the teacher as a condition and means of his professional self-development: dis. ... cand. psychol. Sciences / E. N. Tkach. - Khabarovsk, 2019. - 168 p.

4. Shestakova M.A. Individual thinking in the context of the principle of pluralism / M. A. Shestakova // Vestn. Moscow university Ser. 7, Philosophy. - 2015. - No. 4. - P. 3–18. 174

ҒТАХР: 16.01.09

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫ

**Бердикожеева Г.Ж.,**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 1-курс магистранты,  
Қазақстан, Алматы, e-mail: gul\_banu@mail.ru

*Аңдатпа.* Мақалада 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің орын алуы мен оны жаныштау барысында Жетісу жерінде орын алған босқыншылықтың барысы айқындалған. Босқыншылықтың салдарымен күрестегі Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметі ашылады. «Қазақ» газеті төңірегіне жиналған ұлт қайраткерлерінің босқын Жетісу қазақтарын елге қайтару мен орналастыру, тамақтандыру орталықтарын ашуы сынды мәселелер талданады. Тілтану турасындағы ғалымның құнды еңбектері мен қазіргі қазақ тілінің қалыптасуына қосқан сүбелі үлесі сөз болады.

*Түйін сөздер:* босқын, көтеріліс, тіл, саясат, ұлт, Жетісу, ұлт қайраткерлері.

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ И НАУКА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

**Бердикожеева Г. Ж.**

Казакский национальный педагогический университет имени Абая  
магистрант 1-курса,  
Казакстан, Алматы, e-mail: [gul\\_banu@mail.ru](mailto:gul_banu@mail.ru)

*Аннотация.* В статье раскрывается ход национально-освободительного восстания 1916 года и беженца, имевшего место в Семиречье в ходе его разжигания.

*Раскрывается общественно-политическая деятельность национальных деятелей во главе с Ахметом Байтурсиновым в борьбе с последствиями беженства. Анализируются такие вопросы, как репатриация и размещение беженцев-семиреченцев национальными деятелями, открытие центров питания, собравшихся вокруг газеты «Қазақ». Ценные труды ученого, в частности большой вклад в становление современного казахского языка слово языкознание и будет.*

**Ключевые слова:** беженец, восстание, язык, политика, нация, Жетысу, национальные деятели.

## АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ AND SCIENCE OF THE KAZAKH LANGUAGE

**Berdikozhaeva G.Zh .**

Kazakh National Pedagogical University  
named after Abai 1st-year  
master's student,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: gul\_banu@mail.ru

**Annotation.** *The article reveals the course of the national liberation uprising of 1916 and the refugee who took place in Semirechye during its incitement. The socio-political activity of national figures headed by Akhmet Baitursynov in the fight against the consequences of refugee status is revealed. The issues such as repatriation and accommodation of refugees from Semirechensk by national figures, the opening of food centers gathered around the newspaper "Kazak" are analyzed. Valuable works of the scientist, in particular, a great contribution to the formation of the modern Kazakh language, the word linguistics and will be.*

**Keywords:** *refugee, uprising, language, politics, nation, Zhetysu, national figures.*

XX ғасырдың басында ұлт қайраткерлерінің үлкен шоғыры қалыптасты. Олардың бірі түркі халықтарының басын қосуды ойлап, түркішілдігімен танылса, ендігі бірі большевиктік тұғырнамада өздерінің қоғамдық-саяси қызметтерін жалғастырды. А. Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлері ұлтқа қызмет етудің бірегей жолын таңдады. Большевиктік тәртіпке сүйенбей, қазақ халқының өз алдына дербес ел болуын аңсаған олар белсенді қоғамдық-саяси қызметтерін ұлт мүддесімен байланыстырды.

XX ғасыр басынан қазақ халқының мұң-мұқтажын жоқтап, саяси санасын қалыптастыру жолында «Қазақ» газетін ғана ашып қоймай, шығармашылық белсенділік танытты. Осы тұрғысынан келгенде А. Байтұрсынұлының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі ерекше назар аударарлық. Өйткені Алаш арысы тек қана ұстаздық етіп, қазақ балаларына хат танытып қана қоймай, бүтіндей ұлттың саяси санасын ояту мақсатында шығарылған «Қазақ» газетінің бас редакторы болды. Ахмет Байтұрсынұлының бар саналы ғұмырының елеулі кезеңі осы мерзімді баспасөзбен тонның ішкі бауындай сабақтас. Сондай-ақ, «Қазақ» газеті — XX ғасыр басындағы сахара елінің күллі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани тыныс-тіршілігін, салт-санасын, әдет-ғұрпын, тіл байлығын қаз қалпында айнаға түскендей бейнелеп берген құнды басылым. Әрине, газеттің мұндай діттеген деңгей, биіктен көрінуі — оның бас сарашысы мен идеялық-саяси дем берушісіне, рухани жебеушісі мен қаржылай демеушісіне өзара байлаулы екені аян. Бұл ретте қадау-қадау нақ осындай іргелі де күрделі әрі жауапкершілігі зор міндетті тағдыр-талайлары қоғамдық-саяси өмірдің киыр-шиыр соқпалы, соқпақсыз жолында тоғысқан Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейхан сынды күрескер үш алып кемеңгер ынтымағы жарасып бірге атқарды.

Зады, Ахмет Байтұрсынұлының сан салалы ғылыми-шығармашылық, ағартушылық-ұстаздық қырларын байыптаған сайын қазіргі қазақ тілінің өмір сүріп жатқан жайына тарихи әділ бағасын берудің лайықтығы өзінен-өзі соғұрлым айқындала түседі. Бұл тұрғыда Ахметтің Байтұрсынұлының эмбебаптығы қайран қалдырады. Ғалым еңбегі әлі де жан-жақты

зерделеп, жүйелі зерттеуді қажет етеді. Сонда ғана оның өзіне тән адамгершілік, кісілік мінез-құлқы, ақыл-парасат әлемі, оқыған-тоқыған білім өресі, қаламгерлік машығы мен шеберлік ерекшелігінің басқа да сыр-сипаттары ашыларына шығар күндей куә боларымыз анық. Ақылман жан не жайында жазса да, аз сөзге көп мағына үстеп, оған ұлттық идеологияны сыйғызып, астары қат-қабат пәлсапалық тұжырыммен түйіндейді. Ғалымның қай салада қалам тербеген туындыларын алып қарасақ, бәрінде дерлік ұлт үшін, қазақ тілі үшін ызындап, «маса» боп, ұлты үшін ұлы істерді атқарған ұлт ұстазы болды.

Халықтың рухани ағарып, оң-солын тануына, өнер-білімге ден қойып, ғылымға күштарлық сезімі оянуына шамшырақ болған Ахмет Байтұрсынұлының ұлан-ғайыр қосқан үлесін ешбір пенде жоққа шығара алмайды. Әсіресе, белгілі ақын, кәсіби журналист Мұхамеджан Сералиннің редакторлығымен Тройцкіде шығып тұрған «Айқап» журналының атқарған тарихи миссиясы өте зор. Журнал бетінде қазақ оқығандары жан ауыртқан заманалық мәселелерді көтеріп, өз ой-пікірлерін ортаға салып, соған жауап іздеді. Ең бастысы, 1917 жылдың шілде айында және кейіннен желтоқсан айларында өткен I және II жалпықазақ съезінің ұйымдастырылуы мен өтуінің басында тұрды. Осы оқиғалар қарсаңында А. Байтұрсынұлы Орынбор қаласына жер аударылған болатын. Міне жалпы қазақтың екі бірдей съезінің осы қалада өтуі де А. Байтұрсынұлының саяси беделі мен жалпы қазаққа бергені мол қайраткерлігінің мойындалуы еді.

Сондай-ақ, «Қазақ» газеті, шын мәнісінде, туған халқының оқу-өнерге сусап, шөлдеп қалған мейірін қандырып, білім дариясына армансыз шомып, еркін жүзуіне бар күш-жігерін салды. Редакторы Ахмет Байтұрсынұлының өзі бас боп, газет бетінде иісі қазаққа арнап білім жарысын ұйымдастырып, ата салт-дәстүрдің жоралғысымен бәйге жариялап, пікірін оздырған шын жүйрікке де, ақ адал көңілімен қосылған талапкерге де сәт сапар тілеп, оң батасын берді. Ахаңның ғибраты, өнегелі насихатынан үлгі алған жастар көбейе бастады.

«Қазақ» газеті шәкірттерге білім беру, оқыту мәселелеріне де зор көңіл бөлді. Қалалық, ауылдық жерлердегі мемлекет «қамқорлығымен» бұратаналар үшін тегін оқытатын орыс-қазақ мектептерін ашудағы миссионерлік саясатты әшкереледі. Бұл мектептерді бітіріп шыққан қара көздердің шала-шарпы орысша сауаттанып, орыс әріптерін ежіктеп әзер жазатын деңгейден аспай, керісінше, мұсылманша хат танудан мүлдем қалып жатқаны қоғамдық-саяси, әлеуметтік-рухани тамырының тереңде екеніне оқырман қауымның назарын аударады, ұлт қауіпсіздігі үшін дабыл қағады. Оқимын деген жастарға әрбір ата-ана өз жанқалтасынан ақшасын шығарса, «көп көтерген жүк жеңіл», таза қазақша сапалы білім беруге, ұлтжанды, отаншылдық сезімі асқақ шәкірт тәрбиелеуге толық болатынын газет бетінде жан-жақты талдап, әдемі түсіндірді. Бұл орайда тағы А. Байтұрсынұлына жүгінсек, оның мына келелі сөздері бүгінгі күні де әлі есте ұстайтын, мәнін еш жоғалтпаған даналық қағида деуге болады.

«...Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын. Балам деп бағып, оқытып, адам қылғаннан кейін, жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баққан — қазына, қазынаға борыштымыз деп жүр. Жастарды оқыту расходынан қашып, қазынаға борышты қылып қойса, жастарда не жазық бар? Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең, құл болмақшы...». Осы сөздерінен-ақ ақынның әр қилы білім саласында қалам тербеген ғалым екенін байқау оңай.

А. Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси қызметінен бөлек, қазақ тілінің заңдылықтары мен оның бүгінгі сипатын қалыптастыру ісінде өлшеусіз үлес қосты. Бүгінгі таңда қазақ тілінде қолданып жүрген бірқатар терминдер мен ұғымдар, сонымен қатар қазақ тілінің заңдылықтарының пайда болуы Ахмет Байтұрсынұлының есімімен байланысты. Тіпті қазіргі қазақ тіліндегі зат есім мен сын есім, етістік пен есімдік, одағай мен үстеу, бастауыш пен баяндауыш, пысықтауыш пен шылау, сөйлем және оның түрлері сынды жүзден астам терминдер мен ұғымдарды Ахмет Байтұрсынұлы ойлап тапқан болатын. Осы келтірген мәліметтерден-ақ Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілтану

ғылымының қалыптасып, дамуына зор үлес қосқанын байқауға болады.

Рас, Ахмет Байтұрсынұлының өзінен кейін қалдырған мол мұрасын қарап отырсақ, оның басым көпшілігі қазақ тілінің заңдылықтары сынды мәселелерге арналған лингвистикалық еңбектер екендігін байқаймыз. Лингвистикалық еңбектерінің өзі қазақ тілтану ғылымының әртүрлі саласын қамтиды. Әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құралы» мен «Әліпби» сынды еңбектерінің ғылыми құндылығы күні бүгінге дейін өзінің маңыздылығын жойған жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіліне қатысты пікірлері мен ғылыми пайымдары, сонымен қатар жекелеген салаларына қатысты тұжырымдарының теориялық-әдіснамалық құндылығы жоғары. Алаш арысының еңбектерінде көтерілген қазақ тілінің фонологиялық жүйесіне қатысты тұжырымдары мен ашқан жаңалықтары күні бүгінге дейін қолданыста. Ал қазақ тілінің грамматикасы, этнолингвистика мен қазақ тілінің әдіснамасына қатысты пікірлері әлі де болса зерттеудің жаңа бағыты болып табылады [2, 6 б.].

Жалпы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілтану ғылымының негізін қалаған ғалым, ұстаз деп танымыз. Оған негіз де бар. Мысалы 1914 жылы Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» деп аталатын оқулығы Орынбор қаласында шыққан болатын. Міне осы жылдан бастап Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінде алғаш рет қазақ тілінде ғылыми түсініктер мен ұғымдар қалыптаса бастайды. Өйткені алғаш рет қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, жазу жүйесі, грамматика сынды маңызды мәселелерге ғылыми айқындамалар беріледі. Демек алғаш рет фонетика мен синтаксис, орфография мен морфология сынды ұғымдар ашылып, қазақ тіліндегі сипаты ашылды [3, 54 б.].

1917 жылы қазан революциясынан кейін билікке келген большевиктер Қазақстанда зайырлы білім беру жүйесін енгізе бастады. Осыған дейін дәстүрлі қазақ қоғамында өз міндетін атқарып келген мектептер мен медреселер жұмысына тыйым салынып, жаппай орыс тілінің басымдылығы сезілген білім беру жүйесіне көше бастады. Міне осы тұстан бастап қазақ тіліндегі морфология мәселесі де ғылыми тұрғыдан пайымдалып, әліппелер жазыла бастады. Сонымен қатар жалпы білім беру бағдарламалары жазылды. Бұл ретте де біз Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілтану ғылымының қалыптасып, дамуына қосқан зор үлесін байқаймыз. Рас ғалым осыған дейін-ақ қазақ тілі заңдылығын жан-жақты талдап, араб жазуына негізделген әліппені жазып шыққан болатын. Бір ескерте кететін жайттың бірі Қытай қазақтары бұл жазуды әлі күнге дейін қолданып келеді. Міне осы жылдардан бастап қазақ тілінің заңдылығын терең зерделеп, зайырлы білім беру жүйесін енгізген жылдары осы тәжірибені әрі қарай жалғастырды.

Негізінен қазақ тіліндегі сөз құрамдары мен сөз таптары, оның лексика-грамматикалық жағдайы сынды маңызды мәселелердің ғылыми тұрғыдан тұжырымдалуы Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Қазақ тілтану ғылымының негізін қалаған ол қазақ балаларының орыс тілінде білім алуына түбегейлі қарсы болған санаулы адамдардың бірі болды. Өйткені осы тұрасында жазған еңбектерінде Ахмет Байтұрсынұлы сол жылдары большевиктер құрған үкімет үшін қайырлысы орыс тілі болып тұрғандығын жасырмайды. Тіпті орыс тілін оқытқан күннің өзінде қазақ тілінің ауқымын тарылтпауға күш салады. Алайда кейінгі оқиғалар көрсеткендей, қазақ тілінің тараым аумағы тарылып, орыс тілінің үстемдігі күшейген болатын. Дегенмен қазақ тілі жекелеген шаруашылық аудандарында әлі де болса оқытылды.

Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің заңдылығына қатысты жаңалықтары тек бүгінгі жылдары ғана емес, сонымен қатар сол дәуірдің өзінде қолданысқа ие болды. Мысалы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Тіл құралы» атты еңбегінде түбір сөз және туынды сөз, қос сөздер мен қосалқы сөздер, қосымшалар, жұрнақ пен жалғау сынды мәселелерді көтеріп, жан-жақты талдау арқылы ұғым ретіндегі заңдылығын анықтайды [4, 25 б.].

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен біз сонымен қатар қазақ тіліндегі грамматика мәселелерімен қатар, сөз таптары сынды тақырыптардың арнайы талқылауын байқаймыз. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің сөз таптарына ерекше мән бере отырып,

қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін сақтап қалуға ұмтылған. Сөздерді сөз таптарына топтастыру бойынша алғашқылардың бірі болып, семантикалық, морфологиялық, синтаксистік топтастыру принциптері тралы мәселе көтереді.

Осының негізінде Ахмет Байтұрсынұлы сөздерді мынадай сөз таптарына бөлген болатын. Мысалы зат есім, заттың сынын сипаттайтын – сын есім, заттың санын білдіретін – сан есім, есімдерге қатысты – есімдік, қимыл-қозғалысты білдіретін – етістік сынды сөз таптарын айқындап, бұл заңдылық қаншама жылдар өтсе де қазақ тілінің заңдылығында айна қатесіз және өзгеріссіз сақталды. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлы шылау, үстеу, демеу, жалғау, жұрнақ, одағай сынды қазақ тілінің заңдылығында өзіндік орны бар ережелерді саралаған. Осы еңбекте Алаш арысы көтерген мәселелерді талдай келе, біз Ахмет Байтұрсынұлының сөздердің мағынасы бойынша зат есім мен сын есім, сан есім мен есімдік, етістік пен үстеу, демеу мен жалғау, одағай деп бөлгендігіне куә боламыз [5, 197 б.].

Ахмет Байтұрсынұлының септік мәселесіндегі тапқырлығы да бүгінгі оқушыларды таңғалдырады. Өйткені балалар үшін жаттауға қолайлы болу үшін ол септік атауларына сай жіктелудің оңай жолдарын ұсынған. Тіпті септіктің атауына қарап-ақ бірден жалғауын тауып алуға болатындай көмек берген. Мысалы «Табыс» септігі дегенде алдымен «тап» сөзі ойға оралады. Сондықтан оқушы кімді табам немесе нені табам деген сұрақ қою арқылы табыс септігінің сұрақтарын анықтайды. Осы сынды «Көмектес» септігінде бірден «кіммен көмектесем» деген сұрақ ойға оралады. Осыдан келіп көмектес септігінің сұрақтары «кіммен, немен» деп қоя аламыз.

Ахмет Байтұрсынұлының есімдік сөздерді бере отырып, олардың әрқайсысына тоқталады. Мәнін ашып, ғылыми айқындамасын келтіру арқылы дәлелді сипаттамалар береді. Атап айтқанда Ахмет Байтұрсынұлы зат есімнің өзін жалқы есім және жалпы есім деп бөліп көрсетеді. Бүгінгі таңда осы Ахмет Байтұрсынұлы бөліп берген заңдылыққа сай жалқы есім бірегей зат атаулары аталынса, жалпы есімге ортақ тілдік қолданыстағы заттарды жатқызады. Сонымен қатар зат есімнің жеке және көптік жалғаулардың жалғануындағы өзгерістер туралы өзіндік пікірін білдіреді.

Өз кезегінде сын есімге қатысты да өз ғылыми пайымдарын келтіріп, сын есімнің өзін бірнеше түрге бөледі. Мысалы заттың тек сынын білдіретін сын есім және заттың тек сынын ғана емес, сырын да білдеретін сын есім болады деп санады. Мысалы заттың сынын білдіретін сын есім қатарында «темір құрал» немесе «ағаш ойыншық» дегенді келтірсе, тек сыны ғана емес сырын білдіретін сын есім қатарында «биік тау», «аңқау адам» дегенді келтіреді. Сол сияқты шырайдың өзін бірнеше түрлерге бөліп, олардың әрқайсысына мысалдар келтіре отырып, көрсете алады

Сол сияқты сан есімді де есептік сан есім және реттік сан есім деп бөлуді ұсынады. Есептік сан есім қатарында «бір, екі, үш» сандарын келтірсе, реттік сан есімге «бірінші, екінші, үшінші» сандарын келтіру арқылы түсіндіреді [5, 223 б.].

Етістікке қатысты Ахмет Байтұрсынұлының пікірі қызықты. Мысалы етістіктің өзін болымды және болымсыз деп бөлетініміз белгілі. Мысалы «жауды» деп болымды етістік болса, «жаумады» сөзі болымсыз етістік түріне жатады. Оған қоса Ахмет Байтұрсынұлының он түрлі етістің түрін анықтайды. Олардың қатарында: 1) сабақты етіс; 2) салт етіс; 3) ортақ етіс; 4) өздік етіс; 5) өзгелік етіс; 6) беделді етіс (қазіргі өзгелік етістің –дыр, –дір, –тыр, –тір жұрнақтары арқылы жасалған етіс түрі: жаздырды, айттырды); 7) ырықсыз етіс; 8) шығыс етіс (ортақ етістің үстіне өзгелік етіс жұрнағы қосымша жалғануы арқылы жасалған күрделі түрі: күрестір, табыстыр); 9) дүркінді етіс (-ғыла, -гіле жұрнақтары (жазыла, атқыла) және 10) өсіңкі етіс болып бөледі [5, 231-234 б.].

Рас, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілтану ғылымының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі зор. Тіпті қазақ тіліндегі сөздерді сөз таптарына бөлуі, септік, одағай сөздер мен шылау, сөз таптарын мағыналық топтарға бөлу мен жіктеу сынды заңдылықтары күні бүгінге дейін айтарлықтай өзгеріссіз қолданылып келеді. Ахмет Байтұрсынұлының сөз таптарына, сөз таптарының түрлі мағыналық топ, категорияларына қатысты кейбір



пікірлеріне жоғарыдағы салыстырулар көрсеткендей қазақ тіл білімінің кейінгі дамуы өз өзгерістері мен түзетулерін енгізген болатын.

Бұл келтірген қазақ тілінің заңдылықтарына мән берсек, Ахмет Байтұрсынұлының қаншалықты өз ісінің кәсіби маманы болғандығын байқаймыз. Сол себепті Ахмет Байтұрсынұлы және оның «Тіл-құрал» және тағы да басқа біз жоғарыда келтірген еңбектері тек қана ХХ ғасыр басындағы қазақ оқулықтарының бастауы ғана емес, ең бастысы, қазақ тілтану ғылымының бастауына айналған еңбектер болды. Рас ХХ ғасыр басында дәстүрлі қазақ қоғамы үшін ең қажетті мәселелердің бірі қазақ тіліндегі оқулықтар болды.

Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынұлы сынды ұлт қайраткерлерінің жазған және шығарған еңбектері сөзсіз қазақ халқының саяси санасының оянуына үлкен түрткі болды. Әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының тек қазақ тілінің заңдылықтарына арналған еңбектері ғана емес, қазақ халқының саяси санасын оятып, қоғамдық-саяси қызметінде белсенді болуға шақырған еңбектерінің өзі ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін тың бағыт болып табылады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы И.А. Крылов сынды ақындардың шығармаларын белсенді аударды. Бір қызығы Ахмет Байтұрсынұлы осы мысалдардың аударара отырып, қазақ қоғамының ерекшеліктеріне қатысты тұстарын әдейі мысалдармен көмкереді. Ең бастысы, Ахмет Байтұрсынұлының осы мысалдар арқылы қазақ халқының теріс әрекеттері мен мінзе-құлықтарының өзгешіліктерін байқап, ХХ ғасыр басында өз мүддесін өзі қорғай алатын халықтың сапалы бөліктерін қалпына келтіруге көп күш жұмсады. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов ұлт ұстазы туралы былай дейді: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны - «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын». Расында да, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілтану ғылымының қаланып, дамуына, қазіргі қазақ тіліміздің тіл ретінде қалыптасып, өміршең тілге айналуына, ұлт тіліне айналуына қосқан үлесі сүбелі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек 1995. – 256 б.
2. Мұхтаров С. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тілі біліміндегі сөз таптастыру проблемасы // Ахметтану тағылымдары. – Алматы, 1998. – 294 б.
3. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы, 1995. – 174 б.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1996. – 187 б.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 446 б.

#### **Rereferences:**

1. Nurpeisov K. Alash and Alashorda. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 p.
2. Mukhtarov S. Akhmet Baitursynovich and the problem of Word formation in the education of the Kazakh language. – Almaty, 1998. – 294 p.
3. Kordabayev T. ways of formation and development of Kazakh linguistics. – Almaty, 1995. – 174 p.
4. Zhubanov K. research on the Kazakh language. – Almaty, 1996. – 187 p.
5. Baitursynuly A. Language Teaching. – Almaty, 1992. – 446 p.

ҒТАХР: 15.31.31

## ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢНІҢ ОНТОГЕНЕЗДЕ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ РӨЛІ

**Бейбітова Р.А.,**

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,  
Н.Ақшабаев атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі

***Аннотация.** Бүгінгі таңда жасөспірімдердің көпшілігінде өзін-өзі анықтауда, мамандық таңдаған кезінде қандай оқу орнына түсем, оқуды жалғастырам ба, жоқ па, болашақта қай салада жұмыс жасаймын деген секілді сұрақтар пайда болатындықтан, жасөспірімде осыған байланысты белгілі бір деңгейде мазасыздану пайда болады. Ал мазасыздану балалардың өзіндік бағалауына ықпалын тигізеді. Соған байланысты жасөспірімдердің тұлғалық қалыптасуында белгілі бір өзгерістер пайда болады. Сол себепті, өзіндік бағалау және мазасыздану жасөспірімдердің тұлғалық қалыптасуына қалай ықпал етеді.*

***Түйін сөздер:** жасөспірім, жасөспірімдік кезең, онтогенез, пубертатты дағдарыс, «Мен - тұлғаның негізі».*

## МЕСТО И ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ РОЛЬ ПОДРОСТКОВ В ОНТОГЕНЕЗЕ

**Бейбітова Р.А.,**

Жамбылская область, Байзакский район,  
Учитель истории средней школы им. Н. Акшабаева

***Аннотация.** Психология подросткового возраста характеризуется переходом от детства к зрелости. Продолжительность и интенсивность проявляется по-разному, зависит от ребенка, его взаимоотношений с внешним миром. Статья поможет узнать об особенностях поведения подростков и способах реагирования на изменения характера и психики. Психология подростка объясняется становлением личности. Он полностью отделяет себя от родителей, на первое место для него ставятся коллектив и положение в нем. Появляется осознание того, что в мире существует много позиций, точек зрения, возможно существование собственного мнения. Подросток подвержен влиянию со стороны, если не может определиться со взглядами. Важно поддержать его, направить на верный путь.*

***Ключевые слова:** юность, юность, скелет, пубертатный кризис, «Я - концепция».*

## PLACE AND PSYCHOLOGICAL ROLE OF ADOLESCENTS IN ONTOGENESIS

**Beibitova R.A.,**

Zhambyl region, Bayzak district,  
History teacher at the secondary school N. Akshabaeva

***Annotation.** The psychology of adolescence is characterized by the transition from childhood to maturity. The duration and intensity are manifested in different ways, depending on the child, his relationship with the outside world. The article will help you learn about the behavioral features of adolescents and how to respond to changes in character and psyche. The psychology of a teenager is explained by the formation of a personality. He completely separates himself from his parents, the team and the position in it are put in the first place for*

*him. There is an awareness that there are many positions, points of view in the world, and it is possible that one's own opinion may exist. A teenager is subject to influence from the outside, if he cannot determine his views. It is important to support him, to direct him on the right path.*

**Keywords:** *adolescence, adolescence, skeleton, pubertal crisis, "I am a concept".*

Жасөспірімдік кезең - балалық шақтан балау жастық кезеңге ауысу кезеңі. Жасөспірімдік кезең бала ағзасының қайта құрылуымен және жыныстық жетілуімен жүреді. Психикалық және физиологиялық даму қатар жүрмесе де, осы кезеңнің шектері нақты анықталмаған. Кейбір балалар жасөспірімдік кезеңге ерте, ал кейбіреулері кеш өтеді. Пубертатті дағдарыс 11 жаста да, 13 жаста да пайда болуы мүмкін. Осы дағдарыстан бастап, балаға осы кезең ауыр тиеді.

**Пубертатті дағдарыс.** Жыныстық жетілу ағзадағы эндокриндік өзгерулерге тәуелді болады. Жыныс гормондарының және өсу гормондарының белсенді жүруі физикалық және физиологиялық дамуына әкеледі. Балалардың салмағы мен бойы өсе бастайды. Ер балаларда бойының өсуі 13 жастан басталып, 15-17 жасқа дейін аяқталады. Ал қыз балаларда бойдың өсуі екі жылға ерте басталады. Бойдың өзгеруі дене салмағының өзгеруімен бірге жүреді. Ең алдымен бас, қол бөлектері, табаны, сосын аяқ-қолдары ұзарып, кейінінен денесі өсе бастайды.

Екінші реттік жыныстық белгілер пайда бола бастайды. Ер балада дауысы, оның ырғағы өзгереді. Жасөспірімдік кезеңде эмоционалды фон тұрақсыз болады. Эмоционалды тұрақсыздықпен қатар сексуалды қозулар көбейеді. Осы кезеңде ер балаларда ер адамға тән және қыз балаларда әйелге тән мінез-құлық бейнесіне талпына бастайды. Алайда жасөспірімдер өзінде ер кісінің және әйел кісінің қасиеттерін біріктіруі мүмкін. Мысалы, өзіне жақсы мансап жасауға талпынатын қыз балаларда ер адмның мінез бітістері мен қызығушылықтары кездеседі, алайда соған қарамастан, негізгі әйел қасиеттері тән болып келеді.

Жасөспірімдік кезеңде ағзаның қайта құрылуы мен қарқынды жетілуіне байланысты өзінің сырт бейнесіне назар аудару жоғарылай бастайды. Физикалық «Меннің» жаңа бейнесі қалыптасады. Жасөспірімдерде өзінің сырт бейнесіне байланысты ауыр эмоционалды реакциясына жақын адамдарының жылы қарым-қатынасы септігін тигізеді.

Физикалық «Мен» бейнесіне және өзіндік саналауына жыныстық жетілу қарқындылығы ықпалын тигізеді.

Акселерация тұлғаның қалыптасуына жағымды мүмкіншіліктер жасайды. Физикалық жағынан алсақ, ерте дамыған қыздар өз-өзіне сенімді және өздерін сабырлы ұстайды. Ал физикалық жағынан дамыған ер балалар спортта жетістіктерге жетеді, құрдастарымен қарым-қатынаста өз-өзін сенімді ұстайды. Керісінше, кеш жетілген ер балаларды кішкентай бала ретінде қабылдағандықтан, оның қарсыласуын тудырады. Американдық психологтардың зерттеулері дәлелдегендей, осындай балалардың құрдастарының арасында танымалдығы аз болады, олар тез қозып, көп сөйлейді, кез келген амалды қолданып өзіне зейін аудартуға талпынады. Осындай балаларда өздерін төмен бағалау қалыптасады.

**Психикалық функциялардың дамуы.** Жасөспірімдік шақта теориялық рефлексивті ойлау дамиды. Жасөспірім нақты, бейнелі бөлініп, сөйлеудің арқасында тұжырым жасайды.

Жасөспірімдер болжамға негізделіп, интеллектуалды есептерді шеше алады. Сонымен бірге, ол шешімді құрылымдық іздеуіне қабілетті болады. Кездескен жаңа міндеттерді сан түрлі жолмен шешуге талпынады және олардың логикалық эффектілігін тексереді.

Жасөспірімдік шақта тұлға жаңа әлеуметтік ұстанымға өтеді. Осы сәтте қоғамның мүшесі ретінде өзіне саналы қатынас қалыптасады. Осы кезеңде әлеуметтік бағыттаушылықтың қандай болып өтуі кісінің әлеуметтік бағдарларының қалыптасуына

тәуелді болады. Бұл жағғағдаят тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастыратын тәрбиелеудің психологиялық негіздерін өңдеуді қажет етеді [1, 247 б.].

Жасөспірімдік кезенді қарастыру үшін нақты шектерді анықтау қажет. Мысалы, Г.Гримль жасөспірімдік кезең қыз балаларда 12-15 жаста, ер балаларда 13-16 жаста болады деп есептеген. Ж. Пиаже жасөспірімдік кезеңге 12-15 жасты жатқызды. Жасөспірімдік кезеңге онтогенездің дамуында адекватты түрде көңіл бөлген Д.Б. Эльконин болды. Ол - балалардың физикалық дамуына емес, психологиялық дамуына айрықша көңіл бөлген. Жасөспірімдік кезең 10-15 жас аралығында болады деген ой айтқан. Осы кезеңде жасөспірімдерде сан түрлі сөйлеу формалары дамиды [2, 66 б.].

Жалпы интеллектуалдық дамумен қиялдың дамуы байланысты. Қиялдың теориялық ойлаумен араласуы шығармашылықтың пайда болуына әкеледі. Осы сәтте жасөспірімдер өлең жаза бастайды. Жасөспірімдік шақта қиял дамуының екінші жағы да болады. Барлық жасөспірім шығармашылық нәтижеге жетуге талпынбайды, алайда жасөспірімдердің барлығы өздерінің шығармашылық қиялының мүмкіншіліктерін қолданады, олар қиялдау процесінен ләззат алады. Бұл балалық шақтағы ойынға ұқсайды. Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша, балалардың ойыны жасөспірімнің қиялына өзгереді.

Жасөспірімді толғандырып жүрген мұқтаждықтары, сезімдері, қиялында көрініс табады. Шынайы өмірде қанағаттандырылмаған тілектері қиял әлемінде жүзеге асады. Жасөспірімдік шақта көптеген тұлғалық мәселелер болады, сол себепті қиялдану эмоциялары өмірдің қызықты өтуіне септігін тигізеді. Өзінің қиялдары жайлы жасөспірімдер тек жақын досына ғана айтады.

**Өзіндік сананың дамуы.** Жасөспірімдік шақта кезекепе-кезек өзіндік сананың 2 түрі пайда болады: ересек сезімі және «Мен-концепциясы».

Өз-өзін тануда, жасөспірімдер өзінің «Мен» бейнесін қалыптастырады. Алдымен бұл өзін белгілі бір топқа: жас ерекшелік, жыныстық, қызығушылық және т.б. бойынша жатқызудан бастау алады.

Жасөспірімдерде өзіндік сананың қалыптасуы оны қоршаған адамдармен қарым-қатынас, іс-әрекет процесі кезінде жүріп отырады. Практикалық әрекет жасап, басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде бала іс-әрекет пен қарым-қатынас субъектісі ретінде өзі жайлы ақпарат алады. Осының негізінде жасөспірімдерде өзі жайлы бейне қалыптасады.

Өзіндік сананың қалыптасуы - қиын әрі күрделі процесс. Оған тек іс-әрекет пен қарым-қатынас ықпал етіп қана қоймай, сонымен бірге - биологиялық, психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторлар да ықпалын тигізеді [3].

Өзіндік сананы сипаттайтын маңызды белгілердің бірі - бұл ересек сезімінің пайда болуы болып табылады. Жасөспірімдерде ересек сезімі қалай көрінеді? Ең алдымен, жасөспірім үлкендердің және құрбы құрдастарының оған кішкентай бала секілді емес, ересек адам секілді қарым-қатынас жасауын қалайды. Ол үшін жасөспірім адамдармен тең деңгейде қарым-қатынас жасауға талпынады және өзінің ересек ұстанымын сақтау үшін кикілжің жағдайға дейін барады. Ересек сезімі ата-анасына ештеңе айтпаудан көрініс табады. Бұл өзінің сырт бейнесіне де, құрдастарымен қарым-қатынасына да, оқу мәселесіне де қатысты болады. Осы сәтте жасөспірімдерде өз талғамы, бағалауы, пікірі, өзінің мінез-құлық моделі пайда болады және жасөспірім айналасындағы адамдардың қарсылығына қарамастан, өз пікірін дәлелдеуге талпынады. Жасөспірімдік кезеңде барлық құбылыстар тұрақсыз болады, олардың көзқарастары да екі аптаның ішінде өзгеруі мүмкін, алайда оған қарамастан олар өз пікірін эмоцияналды түрде қорғайды.

15 жаста жасөспірім өзіндік сананың дамуында алға қарай бір қадам жасайды. Тұлғалық тұрақсыздықтан, өз-өзін іздеуден соң балаларда «Мен-концепциясы» қалыптасады. Бұл дегеніміз - «Мен» бейнелерінің, өзі жайлы пікірлердің ішкі келісу жүйесі, жасөспірімдер өз санасында өзінің өмірі жайлы құрастыратын «Мен» бейнелері сан түрлі болып келеді. Физикалық «Мен», яғни өзінің сырт бейнесі, ақыл-ойы,

қабілеттері, мінез-құлқы және тағы басқа қасиеттері жайлы көзқарасы «Мен-концепциясының» немесе шынайы «Менді» қалыптастырады.

Жасөспірім - ол әлі ересек тұлға емес. Сан түрлі «Мен» бейнелерінің бірігуі бір - бірімен сәйкес келмейді. Жалпы рухани өмірдің тұрақсыздығы өзі жайлы пікірлердің өзгеруіне әкеледі. Кей сәттері кездейсоқ мақтау немесе кемсіту сөздері өзіндік сананың өзгеруіне ықпалын тигізуі мүмкін. «Мен» бейнесі толығымен тұрақтанған сәтте, оған маңызды кісінің бағалауы немесе жасөспірімнің өзінің мінез-құлқы қарсы келсе, онда психологиялық қорғаныс механизмдері іске қосылады. Мысалы, ештеңеден қорықпайтын болса, алайда өз әлсіздігін байқатса, онда ол өзі жайлы пікірі мен оның шынайы мінез - құлқы арасындағы сәйкессіздік, бұл жасөспірімдерде ауыр қобалжу сезімін тудырады. Бұл сезімдерден арылу үшін, осындай жағдайда адамдардың барлығы осындай әлсіздікті көрсететіні жайында айта бастайды (проекция механизмі) және тағы басқа.

Шынайы «Меннен» басқа «Мен-концепциясында» идеалды «Мен»-де болады. Талаптану деңгейінің жоғары болуы және оған жетуге өз мүмкіншіліктерінің толық саналанбауы, идеалды «Менді» шынайы «Меннен» ажырата бастайды. Сонда идеалды «Меннің» шынайы «Меннен» ажыратылуын сезінуі, жасөспірімнің өз-өзіне сенімсіздігінде, агрессивтілігінде көрініс табады. Ал идеалды бейнеге жетуге мүмкіндік болған сәтте, ол өз-өзін тәрбиелеуге әкеледі. Жасөспірімдер өзінің болашағының қандай болатындығы жайлы ғана ойланбай, соған сәйкес қажетті қасиеттерді дамытуға талпынады. Бала физикалық жағынан дамыған, күшті болғысы келген жағдайда, ол спорттық ұйымдарға жазылады, ал егер бала жан-жақты болғысы келсе - ғылыми және әдеби кітаптарды оқи бастайды.

Осы кезеңде өз-өзін тәрбиелеу, жасөспірімдерде өзіндік бағыттауының дамуына байланысты болуы мүмкін [4, 231 б.].

Өз-өзін тануда жасөспірімдер өзінен үлкен адамдардың, құрдастарының пікірлеріне айырықша көңіл бөледі. Осы кезеңдегі қыз балалар мен ер балалар аса сезімтал әрі өкпешіл болып келеді.

Өзіндік сананың негізгі компоненті - өзіндік сыйлау болып саналады. Бұл түсінік көп мағынаны білдіреді. Мысалы, өз-өзіне жағымды қарым-қатынас, шынайы және идеалды «Меннің» бір-біріне сәйкес болуы жатады. Тұлғаның өзіндік сыйлау деңгейі қаншалықты төмен болса, ол соншалықты жалғыздық сезіміне бөленеді. Өзіндік сыйлаудың төмендеуі мен коммуникативті қиындықтар тұлғаның әлеуметтік белсенділігін тежейді. Мұндай адамдар мамандық таңдау кезінде басқару мен бәсекелестік қабілетін қажет ететін мамандықтарға баруды жөн көрмейді [5, 100 б.].

Қазіргі нарық заманында, бәсекелестік жағдайында өмір сүре алу үшін жақсы жоғарғы білім алу қажет. Сол себепті, қазіргі заманның жастарының барлығы жоғарғы оқу орындарына түсуге ұмтылады. Ал оқуға түсердің алдында балада белгісіздік, үрей, мазасыздану міндетті түрде болады. Мұндай эмоциялық күйлер тұлғалық қалыптасуына ықпал ететіндіктен, осындай сәтте оқушылардың мінез-құлқы сан түрлі ерекшеліктер пайда болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Реан А.А. Психология подростка. - М: «Алма- Пресс», 2003. - 423 с.
2. Особенности обучения и психического развития школьников 13-17 лет. -М. 1988г. / Под редакцией И.В.Дубровиной, Б.С. Кругловой. 191с.
3. Изучение особенностей психического развития и воспитания учащихся, /под редакцией А.А.Шагай. М. -1987г, 163с.
4. Чеснаков И.И. Проблема самосознания в психологии. - СПб.: Питер, 1992. - 245с.
5. Платонов К.К., Адаскин Б.И. Об изучении и формировании личности учащихся. - М.: - 1986г. - 325с.

**References:**

1. Rean A.A. Psychology of adolescence. - М: "Alma-Press", 2003. - 423 p.
2. Features of training and mental development of schoolchildren 13-17 years old. -М. 1988 / Edited by I.V. Dubrovinova, B.S. Round. 191с.
3. Study of the characteristics of mental development and education of students, / by editing A.A. Shagai. М. -1987, 163с.
4. Chesnakov I.I. The problem of self-knowledge in psychology. - SPb.: Peter, 1992.- 245p.
5. Platonov K.K., Adakkin B.I. About the study and formation of the personality of students. - М.: - 1986. - 325с.

---

## ТАРИХ, САЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ

---

ҒТАХР: 10.27.01

### КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ НЕМЕСЕ ҚОҒАМҒА ҚАРСЫ ӨЗГЕ ДЕ ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖАСАУҒА ТАРТУДЫ САРАЛАУДАҒЫ KEЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Кыстаубеков Б.,  
«Кайнар» академиясының магистранты

*Аннотация.* Мақалада кәмелетке толмаған адамдарды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тартудың аяқталу сәтін анықтау мен қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағына құрылымдық сипаттама беруге байланысты сот өндірісіндегі қиындықтар қарастырылады. Автор мақалада «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (2002 жылғы 11 сәуір №6) нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу жағдайын негіздейді.

*Түйін сөздер:* тарту, кәмелетке толмағандар, қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы іс-әрекеттер саралау, сот іс-тәжірбиесі, ҚР Жоғары сотының нормативтік қаулысы.

### НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ КВАЛИФИКАЦИИ ВОВЛЕЧЕНИЯ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНЕГО В СОВЕРШЕНИЕ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ И АНТИОБЩЕСТВЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ

Кыстаубеков Б.,  
Магистрант Академии «Кайнар»

*Аннотация.* В статье рассматриваются проблемные вопросы составов, связанных с определением момента окончания посягательства, характеристики конструкции объективной стороны, и связанные с этим правила квалификации вовлечения несовершеннолетнего в совершение уголовных правонарушений и антиобщественных действий. Автор обосновывает внесение изменений в нормативное постановление ВС РК «О судебной практике по делам об уголовных правонарушениях несовершеннолетних и о вовлечении их в совершение уголовных правонарушений и иных антиобщественных действий».

*Ключевые слова:* вовлечение, несовершеннолетний, уголовные правонарушения и антиобщественные действия; квалификация; судебная практика, нормативное постановление Верховного Суда РК.

## SOME QUESTIONS OF QUALIFICATION OF INVOLVING MINOR IN FEASANCE CRIMINAL OFFENCE AND ANTI-SOCIAL ACTIONS

**Kystaubekov B.,**  
Master of the Academy "Kainar"

***Annotation.** In the article examined problem questions of the compositions, related to determination of moment of completion of encroachment, характеристика construction of objective side, and related to it rules of qualification of involving minor in a feasance criminal offence and anti-social actions. An author grounds making alteration in the normative decision of SS RK «About judicial practice in matters about criminal offences minor and about engaging of them in the feasance of criminal offences and another anti-social actions».*

***Keywords:** involving, minor, criminal offences and anti-social actions, qualifications; judicial practice, Supreme court of RK.*

Бүгінгі таңда кәмелетке толмағандар қылмыстық әрекетке жиі тартылатын халық санатының қатарында. Соңғы онжылдықта Қазақстандағы кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтарының саны ересектер арасындағы қылмыстық әрекеттерден жылдамырақ өсуде. Осы тұста, ҚР-ның қылмыстық кодексінде жеке тараумен Отбасы мен кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қарастырылуы сол қылмыстылықпен күресте басымдық сипатқа ие екендігінің көрінісі іспеттес. Бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне, халықаралық құқық пен Қазақстанның халықаралық шарттарының жалпы қағидаттарына сәйкес келеді.

Кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылықты немесе қоғамға қарсы өзге де әрекеттерді жасауға тарту кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алу мен балаларды қорғаудың қылмыстық-құқықтық құралы, қылмыстылықпен екі жақты күресуші норма болып саналады. Оның қоғамдық қауіптілігі де осында.

«Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соңғы өзгерістерін ескерсек, нормативтік құжаттың 24-пунктінде, кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тарту ұғымы қылмысқа тартушы адамның кәмелетке толмағанның қылмысқа қатысуға ынтасын (ниетін, ұмтылысын) және дайындығын қалыптастыру жөніндегі мақсатты әрекеттері, деп қаралған [1]. Іс-тәжірбиеде аталған құрамды түсінуде қиындықтар жиі туындайды және де ол қылмыстық қолсұғушылықтың аяқталу сәтін анықтаумен және қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағына құрылымдық сипаттама берумен байланысты болады.

Қылмыстық іс-әрекеттің аяқталу сәтіне тоқталсақ. Жоғарыда келтірілген актіге 20.04.2018 ж. №8 нормативтік құқықтық қаулымен өзгерістер енгізілгенге дейін қаулының 25-пунктінде қылмыстық іс-әрекеттің аяқталу сәті былай сипатталған: ҚР ҚК-нің ҚК-нің [131](#) және [132-баптарымен](#) көзделген қылмыстар, кәмелетке толмағанның ересек адамның ықпалымен қылмыстарды қасақана жасау ниеті пайда болған кезде, қылмысты немесе қоғамға қарсы өзге де әрекеттерді жасауға тарту сәтінен бастап аяқталды деп есептеледі. Өзгерістерден кейін бұл ұғымда қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатары 144-баппен толықтырылып, ҚР ҚК-нің 132,133,144-бабындағы қылмыстық іс-әрекеттің аяқталу сәттері нақтыланады. Яғни, ҚР ҚК-нің 132,133,144-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар кәмелетке толмағанның ересек адамның ықпалымен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қасақана жасау ниеті пайда болған кезде, қылмыстық құқық бұзушылықты немесе қоғамға қарсы өзге де әрекеттерді жасауға, сондай-ақ жезөкшелікпен айналысуға, эротикалық мазмұндағы өнімдерді әзірлеуге тарту сәтінен



бастап аяқталды деп есептеледі. Демек, қарастырылып отырған нормалар формальды құрам танылады.

Кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылықты немесе қоғамға қарсы өзге де әрекеттерді жасауға тарту фактісі анықталғанда кәмелетке толмаған адамның өзінің қылмыстық іс-әрекетке тартылғандығын сезіне алатындай күйге жеткендігін, оның даму деңгейін анықтау маңызға ие. Алайда, кәмелетке толмаған адамның дәл осы күйін анықтау іс-тәжірбиеде қиын.

Кәмелетке толмаған адамды қылмыс жасауға мәжбүрлеген, мәжбүрлемегендігіне карамастан, ол өз қалауымен қылмысқа қатысуға ерік білдірген жағдайда ғана ниеттің қалыптасатындығын бірнеше жылдар бұрын К.К. Сперанский, айтып кеткен болатын [2]. Мұнда, дейді ол, ниет емес, жасөспірімнің қылмыстық жүріс-тұрысы, шешім қабылдауы, дайындық дәрежесі, қалауы басты назарда болады [3, 5 б.]. Нақтырақ айтсақ, ересек адамның кәмелетке толмаған адамды қылмыстық өмірге баулуы, оған криминалды субмәдениеттің құндылықтарын сіңіруі, қылмыскерлердің қатарына шақыруы, қылмысқа тарту дегенді білдіре білдірмейді. Яғни, К.К. Сперанский, кәмелетке толмағанның қылмысты жасау ниетінің қалыптасуы моментін оның ерік білдіруімен түсіндірген.

Егер осындай психологиялық өңдеудің нәтижесінде жасөспірімді белгілі бір қылмысты жасауға итермелеу, не қылмысты жасау ниетін тудыру мүмкін болмаса, онда жоғарыда айтып кеткен түсініктемеге орай, ересек адам ҚР ҚК-нің [132-бабымен](#) (Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту) не ҚР ҚК-нің [133-бабымен](#) (Кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту) жауапқа тартылмайды. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық құқық бұзушылықтар немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту кезінде бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар тек қасақана жасалынады.

Кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылықты немесе қоғамға қарсы өзге де әрекеттерді жасауға тарту сәтін кәмелетке толмағанның санасында өткен құбылыстармен, кейде оның ересектердің ықпалына түсіп, қылмыстық іс-әрекеттерді бастап кеткен іс-әрекеттерінен және ересектің белсенді іс-әрекетінен көре аламыз. Ересек адамның кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту сәті мына фактілермен сипаталады:

- қылмыстық құқық бұзушылыққа тартушы адамның белсенді іс-әрекеттері кәмелетке толмағанның қылмысқа қатысуға ынтасын (ниетін, ұмтылысын) тудыруға бағытталуы тиіс, кәмелетке толмағанның санасында болашақта тартылатын қылмыстық іс-әрекетке қатысты ой-тұжырым қалыптасады;

- және қылмысқа тартушы адамның мақсатты әрекеттері кәмелетке толмағанның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысуға дайындығын қалыптастыруға бағытталады, бұл кәмелетке толмағанның ерік білдіру моменттерінен көрінеді.

Яғни, ересек адамның кәмелетке толмаған адамға қаншалықты ықпал ете алғандығын анықтау үшін оның санасында қалыптасатын интеллектуалды және ерікті моменттерін де ажырату қажет болады.

Дегенмен де, кәмелетке толмағанда ересек адамның ықпалымен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қасақана жасау ниетінің пайда болуы, оның қылмыстық құқық бұзушылықты немесе қоғамға қарсы өзге де әрекеттерді жасауы шарт дегенді білдірмейді, онда қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысуға дайындықтың қалыптасуы жеткілікті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары және соттар аталған істі қарау барысында кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылықтарды немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттерді жасауға тарту мақсатында ересектердің жасаған іс-әрекеттерін жан-жақты зерделеуі тиіс. Ересек адамның кәмелетке толмағанды қылмыстық іс-әрекетке тарту кезіндегі атқаратын іс-әрекеттері Қаулының 24-пунктінде, былай түсіндіреді: «Мұндайда ересек адамның әрекеттері белсенді болуы тиіс және психикалық немесе денесіне зиян келтірумен (ұру, көндіру, қауіп туғызу және қорқыту, ақша беру, алдау, кек алу, қызғану

және өзге де ұждансыз сезімін қоздыру, жауапсыздыққа сендіріп, қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудың орны мен тәсілін немесе оның іздерін жасыру туралы кеңес беру, жасаған әрекеттер үшін ақы төлеуге немесе ұрланған заттарды сатуға көмектесуге уәде беру және т.б.) ұштасуы мүмкін». Бірақ та біздің ойымызша, жақшаның ішіндегі «қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудың орны мен тәсілін немесе оның іздерін жасыру туралы кеңес беру, жасаған әрекеттер үшін ақы төлеуге немесе ұрланған заттарды сатуға көмектесуге уәде беру және т.б.» сөз тіркестері психикалық немесе денесіне зиян келтіру ұғымын ашып тұрған жоқ, керісінше, белсенді іс-әрекеттерді сипаттайды. Сондықтан да жақшадағы «ұру, көндіру, қауіп туғызу және қорқыту, ақша беру, алдау, кек алу, қызғану және өзге де ұждансыз сезімін қоздыру, жауапсыздыққа сендіріп, қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудың орны мен тәсілін немесе оның іздерін жасыру туралы кеңес беру, жасаған әрекеттер үшін ақы төлеуге немесе ұрланған заттарды сатуға көмектесуге уәде беру және т.б.» сөз тіркесі «Мұндайда ересек адамның әрекеттері белсенді болуы тиіс» дегеннен кейін тұрғаны жөн.

Келесі назар аударатын жағдайға көшсек. Мысалы, аталған қаулының 24 және 26-пунктерінің мазмұндарында қайшылықтардың бар екендігін аңғару қиын емес.

Қаулының 24-пунктінде, «Ересек адамның кәмелетке толмағанға психикалық немесе денесіне зиян келтірмей, қылмыстық құқық бұзушылық жасау туралы өздігінен жәй ұсыныс айтуы кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тарту болып табылмайды», деп көрсеткенімен де, Қаулының 26-пунктінде, «ҚК-нің 132-бабының үшінші бөлігінде, 133-бабының үшінші бөлігінде және 134-бабының екінші бөлігінде көзделген кәмелетке толмағандарды қылмыстық құқық бұзушылықтарды немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттерді жасауға тарту кезінде күш қолдану деп кәмелетке толмағанның денесін ауыртумен, денсаулығына жеңіл және орташа дәрежедегі зиян келтірумен байланысты ұрып-соғуды, өзге де күш қолдану әрекеттерін [1] түсінетіндігі айтылады. Яғни, Қаулының 24-пунктінде психикалық немесе денесіне зиян келтіру кәмелетке толмағандарды қылмыстық іс-әрекетке тартудың бір белгісі ретінде қаралса да, 26-пункте денеге зиян келтіре отырып, ұрып-соғу күш қолдану, деп түсіндірілген.

Мұнан түсінетініміз, ҚР ҚК-нің 132, 133-баптарының 1 және 2-бөлігінде, 134-бабының 1-бөлігінде көзделген кәмелетке толмағанға психикалық немесе денесіне зиян келтірмей де қылмыстық іс-әрекетті жасауға тартуға болады. Себебі, күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп жасалған іс-әрекеттер саралаушы норманы құрайды (ҚР ҚК-нің 132-бабының 3-тармағы; 133-баптың 3-тармағы).

Жоғарыдағы жағдайды ескере отырып, Қаулының 24-пунктінде «ҚР ҚК-нің 132, 133-баптарының 1 және 2-бөлігінде, 134-бабының 1-бөлігінде көзделген» деген сөз тіркесті «Ересек адамның» сөз тіркесі мен «кәмелетке толмағанға» сөз тіркесінің арасына қосқан жөн, деп есептейміз. Сонымен қатар, «психикалық немесе денесіне зиян келтірмей» сөз тіркесінің орнын «қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысуға ынта (ниет, ұмтылыс) мен дайындықты қалыптастыра алмайтындай» сөз тіркесімен алмастырған жөн.

Әрі қарай, егер кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылықтарды немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттерді жасауға тарту оның денсаулығына ауыр зардап келтірумен немесе дербес қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрайтын өзге әрекеттермен ұштасатын болса, онда бұл әрекеттерді қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы ретінде саралау керек.

ҚР ҚК-нің 132, 133, 134 және 144-баптарымен көзделген кәмелетке толмаған адам қылмыстық құқық бұзушылықтарды қасақана ниетпен және ересек адамның ықпалымен жасайды, сонымен қатар, қылмыстық құқықтық бұзушылыққа тартылған адамның кәмелетке толмаған екендігін ересек адам біледі.

Кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тартқан және оған қатысқан ересек адам жасөспіріммен бірге нақтылы қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қоса қатысқаны және оны қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тартқаны үшін жауапты болады. Қылмыстық жауаптылық жасына толмаған адаммен бірге жасалған

қылмыстық құқық бұзушылықты адамдар тобымен жасалған деп саралауға болмайды. Және де ҚР ҚК-нің 28-бабының екінші бөлігіне сәйкес, кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тартқан ересек адамды қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушы деп танымыз.

Сонымен зерттеу тақырыбымызды қорытындылай келе төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

ҚР ЖС қаулысының 24-пунктін келесі үлгіде көрсеткен жөн: «Мұндайда ересек адамның әрекеттері белсенді болуы тиіс (ұру, көндіру, қауіп туғызу және қорқыту, ақша беру, алдау, кек алу, қызғану және өзге де ұждансыз сезімін қоздыру, жауапсыздыққа сендіріп, қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудың орны мен тәсілін немесе оның іздерін жасыру туралы кеңес беру, жасаған әрекеттер үшін ақы төлеуге немесе ұрланған заттарды сатуға көмектесуге уәде беру және т.б.) және психикалық немесе денесіне зиян келтірумен ұштасады», деп көрсеткен жөн.

«Ересек адамның ҚР ҚК-нің 132, 133-баптарының 1 және 2-бөлігінде, 134-бабының 1-бөлігінде көзделген кәмелетке толмағанда қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысуға ынта (ниет, ұмтылыс) мен дайындықты қалыптастыра алмайтындай, қылмыстық құқық бұзушылық жасау туралы жәй ұсыныс айтуы кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тарту болып табылмайды».

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуір №6 нормативтік қаулысы (20.04.2018 ж. №8 нормативтік құқықтық қаулымен өзгеріс енгізілді).

2. Сперанский К.К. Уголовно-правовая борьба с преступлениями несовершеннолетних и против несовершеннолетних. -Ростов н/Д, 1991. -С. 84.

3. Пудовочкин Ю.Е. Вовлечение несовершеннолетнего в совершение преступления: новые решения и новые проблемы // Вестник института: преступление, наказание, исправление, 2012. -№ 19.-С. 4-8.

#### **References:**

1. On judicial practice in cases of criminal offenses of minors and their involvement in criminal offenses and other anti-social actions: Normative Resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan of April 11, 2002 №6 (April 20, 2018 №8 amended by a regulatory legal resolution).

2. Speransky KK Criminal and legal struggle with juvenile offenses and against juvenile offenders. -Rostov n / D, 1991. -S. 84.

3. Pudovochkin Yu.E. Involvement of a juvenile in the completion of a crime: new solutions and new problems // Bulletin of the Institute: crime, punishment, correction, 2012. -№ 19.-S. 4-8.

ГРНТИ: 10.27.01

## **ПОНЯТИЕ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА И ЕГО МЕСТО В СИСТЕМЕ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Турсынбаева Г.И.,**  
ст.преподаватель кафедры юридических дисциплин  
**Джардемев Д.А.,**  
магистрант Академии «Кайнар»

***Аннотация.** Научная статья посвящается понятию и сакриту понятия акционерного общества и его место в системе юридических лиц по законодательству Республики Казахстан. Актуальность этой темы вызвана тем, что несмотря на продолжительное существование акционерной формы юридических лиц в законодательстве Республики Казахстан, вопросы защиты прав акционеров не получили в гражданско- правовой науке соответствующей разработки. Развитие акционерных правоотношений в Республике Казахстан объективно вызвало необходимость в изучении правового статуса акционеров и способов защиты их прав. Вопросы статуса органов управления акционерного общества, прав акционеров и механизмы их защиты требуют тщательного юридического анализа, поскольку ныне действующее акционерное законодательство Республики Казахстан не соответствует бурно развивающимся отношениям в сфере предпринимательства.*

***Ключевые слова:** Акционерное общество, юридическое лицо, правовая форма, гражданское законодательство, предприниматель, акции, правовое регулирование.*

## **АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ**

**Тұрсынбаева Г.И.,**  
Құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы  
**Джардемев Д.А.,**  
«Кайнар» академиясының магистранты

***Аннотация.** Ғылыми мақала акционерлік қоғам түсінігінің мен оның Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлғалар жүйесіндегі орнына арналған. Бұл тақырыптың өзектілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында заңды тұлғалардың акционерлік нысанының ұзақ уақыт болғанына қарамастан, акционерлердің құқықтарын қорғау мәселелері азаматтық құқық ғылымында тиісті дамымағанымен байланысты. . Қазақстан Республикасындағы акционерлік құқықтық қатынастардың дамуы объективті түрде акционерлердің құқықтық жағдайын және олардың құқықтарын қорғау жолдарын зерттеу қажеттілігін туғызды. Акционерлік қоғамның басқару органдарының мәртебесі, акционерлердің құқықтары және оларды қорғау тетіктері мәселелері жан-жақты құқықтық талдауды талап етеді, өйткені Қазақстан Республикасының қолданыстағы акционерлік заңнамасы Қазақстан Республикасындағы қарқынды дамып келе жатқан қатынастарға сәйкес келмейді. кәсіпкерлік саласы.*

***Түйін сөздер:** Акционерлік қоғам, заңды тұлға, ұйымдық-құқықтық нысаны, азаматтық құқық, кәсіпкер, акциялар, құқықтық реттеу.*

## THE CONCEPT OF A JOINT STOCK COMPANY AND ITS PLACE IN THE SYSTEM OF LEGAL ENTITIES UNDER THE LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**Tursynbayeva G.I.,**

Senior Lecturer of the Department of Legal Disciplines

**Dzhardemov D.A.,**

master's student of the Academy "Kainar"

***Annotation.** The scientific article is devoted to the concept and concealment of the concept of a joint-stock company and its place in the system of legal entities under the legislation of the Republic of Kazakhstan. The relevance of this topic is due to the fact that despite the long existence of the joint-stock form of legal entities in the legislation of the Republic of Kazakhstan, the issues of protecting the rights of shareholders have not received appropriate development in civil law science. The development of joint-stock legal relations in the Republic of Kazakhstan has objectively caused the need to study the legal status of shareholders and ways to protect their rights. Issues of the status of the governing bodies of a joint stock company, the rights of shareholders and mechanisms for their protection require a thorough legal analysis, since the current joint stock legislation of the Republic of Kazakhstan does not correspond to the rapidly developing relations in the field of entrepreneurship.*

***Keywords:** Joint stock company, legal entity, legal form, civil law, entrepreneur, shares, legal regulation.*

В юридической литературе и в законодательстве стран даже с общей правовой базой наблюдаются самые различные определения акционерного общества. Так, по мнению А.И. Азрилияна, «акционерное общество - форма концентрации капитала и основная организационная форма крупной корпорации, капитал которой образуется путем продажи акций и облигаций». По мнению И.Н. Волковой «акционерное общество- это общество, капитал которого образуется путем объединения средств учредителей и продажи части акций и облигаций (другая часть остается в распоряжении акционерного общества, не продается)» [1]. «Акционерное общество - это одна из организационно-правовых форм предприятий. Оно создается путем централизации денежных средств (объединения капиталов) различных лиц, проводимой посредством продажи акций с целью осуществления хозяйственной деятельности и получения прибыли» [2].

На основании ст. 3 Закона об АО акционерным обществом признается юридическое лицо, выпускающее акции с целью привлечения средств для осуществления своей деятельности. Аналогичное определение дается и в ст. 85 ГК РК. В соответствии со ст. 2 Закона об АО: «акционерным обществом признается коммерческая организация, уставный капитал которой разделен на определенное число акций, удостоверяющих обязательные права участников (акционеров) по отношению к обществу». Существует мнение, что «обилие определений объясняется не столько исторической спецификой акционерных форм, сколько сложностью акционерной организации». Поэтому, считает автор, «не случайно во многих зарубежных законодательствах отсутствует легальное определение акционерных обществ» [3, С. 33].

Панамский профессор Р. Дурлинг приходит к выводу, что «законодатель Панамы правильно поступил, не дав определения акционерного общества, поскольку его юридическая природа является объектом теоретических споров» [4].

Еще более категоричная мысль высказана В.И. Мамай: «может быть, в совершенных определениях и нет нужды, для этого просто нужно знать

отличительные признаки акционерного общества от других организационно-правовых форм предпринимательства» [5].

Схожей позиции придерживается Д.В. Ломакин, который пишет: «попытка выделить идеальное определение акционерного общества вряд ли окажется успешной, так как легальная дефиниция не способна вместить в себя все конститутивные признаки этой организации» [6, С. 33].

По мнению Р. Илза современная корпорация - это институт, который еще ищет философского обоснования» [7].

Полагаем, что несмотря на краткость, определение акционерного общества, используемое в Законе об АО, является достаточным для его характеристики и выделения из круга коммерческих юридических лиц и определения его места в законодательстве РК.

В качестве сравнения, следует отметить, что по законодательству США вместо понятия акционерное общество используется понятие корпорация. Согласно юридическому словарю С. Гифиса [8] под корпорацией понимается: ассоциация акционеров (или даже одного акционера), созданная по законодательству и рассматриваемое судами как «искусственное лицо», «обладание юридическим лицом полностью отдельным и различным от лиц, которые составляют его, со способностью продолжительного существования или продолжения, и обладающее способностью, как таковое юридическое лицо, получать, держать и передавать собственность, выступать ответчиком и истцом, и пользоваться такими другими правами, какими оно может быть наделено законодательством, также как и физическое лицо».

Ответственность корпорации обычно ограничивается ее активами и акционеры таким образом защищены от личной (персональной) ответственности в связи с делами корпорации, так называемый «корпоративный покров» (в то же время необходимо иметь в виду, что в ряде случаев существует возможность снятия «корпоративного покрова» «lifting the veil» [9, С. 51]. Корпорация облагается налогами по специальным корпоративным ставкам налогов, и акционеры должны платить дополнительный налог на дивиденды или на другую прибыль, полученную от корпорации. Деятельность корпорации регулируется штатами, где они были созданы или юрисдикциями, где они осуществляют свою деятельность. Государственные законы в некоторых юрисдикциях дают корпоративному совету директоров и ее высшим должностным лицам сравнительно большую независимость от согласия и контроля акционеров, чем в других штатах и таким образом стимулируют создание большего количества корпораций в своих юрисдикциях. Ярким примером является штат Делавэр. Во многих юрисдикциях были приняты специальные, основополагающие законы, которые позволяют отдельно взятым лицам, или группам людей с близкими отношениями, создавать корпорации, в которых ограничивается их личная ответственность, деятельность выполняется без всех формальностей, таких как ежегодные собрания, действия совета директоров и т.д. Эти корпорации именуется близкими корпорациями. В основном они состоят из одного или нескольких акционеров.

В законодательстве РК существуют положения, которые вносят элементы общности в понятие учредитель, участник, акционер. Так, например, в ст. 44 ГК РК говорится об учредителе (участнике). Более того, на основании п. 3 ст. 44, п. 2 ст. 85, п. 5 ст. 86 ГК РК, акционеры акционерного общества относятся к определению участник, так же, как и участники полного, коммандитного товарищества, товарищества с дополнительной, ограниченной ответственностью.

П. 3 ст. 44 ГК РК в литературе характеризуется тем, что он распространяет свое действие и на акционеров, «что на наш взгляд, принципиально противоречит логике отношений акционера и акционерного общества. К сожалению, нет никаких оснований толковать эту норму узко, поскольку сам факт ее расположения в параграфе Кодекса, посвященным общим положениям о юридических лицах, предполагает ее распространение на все указанные формы юридических лиц» [10].

В соответствии с законодательством Республики Казахстан, акционер не отвечает по обязательствам общества и несет риск убытков, связанных с деятельностью общества,

в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных Законом об АО. Вышеуказанное означает, что в случае ликвидации общества к акционерам не могут предъявляться претензии по обязательствам общества. Это является одной из особенностей ликвидации акционерного общества, в отличие от полного товарищества, где полные товарищи несут солидарную ответственность по обязательствам товарищества.

Таким образом, распространение законодательством понятие участник на акционера является на наш взгляд, ошибочным поскольку различен их правовой статус.

Акционерное общество имеет ограниченную акциями ответственность его акционеров. Г.Ф. Шершеневич писал по этому поводу: «... этот признак отличает акционерное общество от полного, в котором все члены отвечают неограниченно, от товарищества на вере, где ограниченная ответственность совмещается с неограниченной» [8].

В отличие, от производственного кооператива, участие в акционерном обществе не требует личного трудового участия [11].

Справедливо указывается: «важное значение имеет и личное участие акционера в работе общества, ибо последнее - это не только объединение капиталов, но организация собственников капитала-собственности. Рамки личного участия обуславливаются исключительно количеством акций, находящихся в собственности акционера» [9, С. 16].

Кроме того, «личность акционера может иметь особое значение как для общества, так и для динамики акционерного правоотношения. Нормальное функционирование общества во многом будет зависеть от деловых качеств лиц, обладающих контрольным пакетом акций. Значимость личного фактора достигает своего апогея в акционерных обществах, состоящих из одного лица» [9, С. 39]. М.И. Кулагиным компании, созданные одним лицом, характеризуются как «юридические мутанты». Данный вывод автор обосновывает тем, что образование компании одним лицом основывается на ограничении предпринимательского риска данного лица [12, С. 6].

К. Маркс сущность акционерных обществ характеризовал следующим образом: «в акционерных обществах функция отделена от собственности на капитал, следовательно, и труд совершенно отделен от собственности на средства производства и на прибавочный труд. Это результат высшего развития капиталистического производства, необходимый переходный пункт к обратному превращению капитала в собственность производителей... в непосредственную общественную собственность. С другой стороны, акционерные общества - переходный пункт к превращению всех функций в процессе производства, до сих пор еще связанных с собственностью на капитал, просто в функции ассоциированных производителей, в общественные функции» [13].

Полагаем, что нельзя согласиться с Р. Саватье который указывал, что «члены общества принимают на себя обязанность работать совместно» [14]. В отношении направлений деятельности акционерных обществ в литературе имеются суждения как о возможных формах совместных предприятий [15]. Согласно ст. 14 Закона Республики Казахстан «Об иностранных инвестициях» от 27 декабря 1994 г., «предприятия с иностранным участием могут создаваться в форме хозяйственного товарищества, акционерного общества, а также в иных формах, не противоречащих законодательству Республики Казахстан.

Как указывают М.К. Сулейменов и Ж.Ш. Ташмухамбетова, наибольшее распространение получили товарищества с ограниченной ответственностью и акционерные общества. Авторы, считают, что вышеуказанные формы коммерческих юридических лиц являются наиболее приемлемыми для иностранных партнеров, так как они в большей степени гарантируют защиту интересов иностранной стороны в случае отрицательного результата хозяйственной деятельности, допустим, банкротства, убыточности, неплатежеспособности и т.п. [15].

При добровольной ликвидации акционерного общества решение об этом принимается общим собранием акционеров, которое определяет ликвидационную процедуру по соглашению с кредиторами и под их контролем в соответствии с законодательными актами (п. 1 ст. 99 Закона об АО). Кроме того, особо оговаривается одно обстоятельство: акционеры, владеющие в совокупности пятью и более процентами акций, вправе иметь своего представителя в составе ликвидационной комиссии. Это особое право, которое законодателем предоставляется только акционерам акционерных обществ, в отличие от участников хозяйственных товариществ или производственных кооперативов. В принудительном порядке акционерное общество ликвидируется по тем же основаниям, что и любые другие юридические лица. Однако, добавляются следующие основания:

в случае, если число акционеров закрытого акционерного общества превысит 100 и если не будет в течение трех месяцев проведено общее собрание акционеров для принятия решения об изменении типа общества на открытое;

в случае признания недействительной регистрации общества в связи с допущенными при его создании нарушениями законодательства, которые носят неустранимый характер (п. 2 ст. 99 Закона об АО).

В этих указанных случаях требование о ликвидации общества может быть предъявлено в суд заинтересованными лицами, если законодательными актами не предусмотрено иное. Закон об АО не дает определение заинтересованного лица, но очевидно, что в этом качестве могут выступить кредиторы и другие лица, перечень которых не ограничен.

Акционерное общество имеет право преобразоваться в товарищество с ограниченной ответственностью или в производственный кооператив (п. 2 ст. 93 ГК РК, ст. 97 Закона об АО). Данное положение содержится и в ст. 20 Федерального Закона об АО.

В литературе по этому поводу существует следующее мнение: В.А. Жакенов в положении о праве акционерного общества преобразоваться в производственный кооператив усматривает существенное нарушение прав акционеров, «поскольку для участия в деятельности производственного кооператива обязательным элементом является личное трудовое участие» [16].

Как указывает автор - «очевидно, что такая процедура является более органичной и приемлемой для закрытого АО, но это положение не может применяться для открытого АО, если об этом не принято решение единогласно всеми акционерами.

В казахстанской юридической литературе не содержится обоснований того, почему акционерные общества вправе преобразоваться только в товарищество с ограниченной ответственностью и в производственный кооператив. Упоминание об этом императивном положении существует только у Е.А. Суханова, однако обоснование запрета строится на существующих в российском законодательстве различиях между товариществами как объединений лиц, и обществами как объединениями капиталов [17].

Соглашаясь, с приведенным выше мнением В.А. Жакенова о согласии акционеров, необходимо пойти дальше. Думается, ввиду тенденции увеличения диспозитивных норм в гражданском законодательстве при наличии согласия акционеров преобразование акционерного общества должно осуществляться без ограничений.

Представляется, что вышеуказанное запретно-ограничивающее положение является неверным, так как отсутствует смысл в публичном характере запретной нормы, который выражается в боязни исключения дополнительной ответственности акционеров общества в случае преобразования акционерного общества в иные организационно-правовые формы, кроме товарищества с ограниченной ответственностью и производственного кооператива. Так, в соответствии со ст. 85 ГК РК акционеры, несут риск убытков, связанных с деятельностью общества, в пределах стоимости принадлежащих им акций. Таким образом, акционерные общества являются



юридическими лицами с минимальной долей ответственности акционеров по долгам акционерного общества.

Поэтому, в случае преобразования акционерного общества в полное товарищество или в товарищество с дополнительной ответственностью дополнительная ответственность акционеров наоборот увеличивается. Ввиду вышеуказанных обстоятельств, необходимо, чтобы вопросы преобразования акционерные общества решали самостоятельно.

#### **Список использованной литературы:**

1. Батиста Р. Правовое регулирование акционерных обществ в Панаме: Дисс. ...канд. юрид. наук. М., 1978.
2. Мамай В.И. «К понятию и признакам акционерного общества», «Государство и Право», М., 1996 г., №11.
3. Eells R. The Meaning of Modern Business. N. Y., 1960
4. Law Dictionary \ by Steven H. Gifis. - 4<sup>th</sup> ed. P. cm.
5. Henn & Alexander, Law of Corporations 694 (3<sup>rd</sup> ed. 1983).
6. Шепелев Л.Е. Акционерные компании в России. JL, 1973.
7. КЛИМКИН С.И. «Ответственность участников товарищества с ограниченной ответственностью» в сборнике: Гражданское законодательство Республики Казахстан - толкование и комментирование. Выпуск 6. - Алматы: Баспа, 1998.
8. Шершеневич Г.Ф. Учебник торгового права. М., 1994.
9. Шепелев Л.Е. Акционерные компании в России. JL, 1973.
10. Указа Президента РК, имеющего силу Закона, «О производственном кооперативе» от 5 октября 1995 г. №2486, Ведомости Верховного Совета Республики Казахстан, 1995 г., №20, ст. 119; Ведомости Парламента Республики Казахстан, 1996 г., №14, ст. 284.
11. Маркс К., Энгельс Ф. Соч. 2-е изд., Т. 25. Ч. 1.
12. Саватье Р. Теория обязательств. Юридический и экономический очерк. М., 1972.
13. Правовые формы совместного предпринимательства и практика СССР, «Советское государство и Право», 1985, №3.
14. «Право и иностранные инвестиции в Республике Казахстан» Отв. ред. М.К. Сулейменов. - Алматы: Жеті Жарғы, 1997.
15. Гражданский Кодекс РК (Общая часть), Комментарий. В двух книгах. Книга 1. Ответ, ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы, «Жеты Жарғы», 1997.
16. Могилевского С.Д. «Акционерные общества. Серия «Коммерческие организации: комментарий, практика, нормативные акты». - 2-ое изд., испр. и доп. - М.: Дело. 1999.
17. Лялин В.А., Воробьев П.В. Ценные бумаги и фондовая биржа - М.: Информационно-издательский дом «Филинь», 1998.

#### **References:**

1. Batista R. Legal regulation of joint-stock companies in Panama: Diss. ...cand. legal Sciences. M., 1978.
2. Mamai V.I. "On the concept and features of a joint-stock company", "State and Law, M., 1996, No. 11.
3. Eells R. The Meaning of Modern Business. N.Y., 1960
4. Law Dictionary \ by Steven H. Gifis. - 4th ed. P.cm.
5. Henn & Alexander, Law of Corporations 694 (3rd ed. 1983).
6. Shepelev L.E. Joint stock companies in Russia. JL, 1973.
7. Klimkin S.I. "Responsibility of participants in a limited liability partnership" in the collection: Civil legislation of the Republic of Kazakhstan - interpretation and commentary. Issue 6. - Almaty: Baspa, 1998.

8. Shershenevich G.F. Textbook of commercial law. M., 1994.
9. Shepelev JI.E. Joint stock companies in Russia. JL, 1973.
10. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan, having the force of the Law, "On production cooperative" dated October 5, 1995 No. 2486, Gazette of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan, 1995, No. 20, Art. 119; Gazette of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, 1996, No. 14, Art. 284.
11. Marx K., Engels F. Op. 2nd ed., Vol. 25. Part 1.
12. Savate R. Theory of obligations. Legal and economic essay. M., 1972.
13. Legal forms of joint venture and practice of the USSR, "Soviet State and Law", 1985, No. 3.
14. "Law and foreign investment in the Republic of Kazakhstan" Resp. ed. M.K. Suleimenov. - Almaty: Zhet1 Zhargy, 1997.
